

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

Р.Зайкенова
Р.Сакенова
С.О. Қосжанова

АБАЙТАНУ

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған оқулық

8



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5Қаз) я 72
З-15



Смартфонға тегін «Сканер QR» қосымшасын жүктеп ал. Сол арқылы мына QR кодтан «Абайтану» оқулығының қосымшасын жүктей аласың. Жүктелген қосымшаны ашып, тақырыптағы QR кодқа смартфонды жақындатсаң, қажетті ақпарат шығады.

Зайкенова Р. ж.б.
З-15 **Абайтану:** Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған оқулық. / Зайкенова Р., Сакенова Р., Қосжанова С.О. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2022. – 112 бет.

ISBN 978-601-318-429-6

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5Қаз) я 72

ISBN 978-601-318-429-6

© Зайкенова Р.,
Сакенова Р.,
Қосжанова С.О., 2022
© «Арман-ПВ» баспасы, 2022.

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

Төмендегі шартты белгілермен таныс. Шартты белгілер саған оқулықпен дұрыс жұмыс жасауға бағыт-бағдар береді.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тапсырмалары

1 Білу

2 Түсіну

3 Қолдану

4 Талдау

5 Жинақтау

6 Бағалау

 **Зертте**

зерттеушілік-ізденімдік тапсырмалары

 **Тірек сөздер**

мәтін мазмұнын меңгертетін негізгі сөздер

 **Хакімнен үйрен**

алған білімді түйіндеп, өмірде қолдануға арналған тапсырмалар



Сөзмаржан – түсіндірме сөздік



Абайтану әліппесі – абайтану ғылымының түсініктері



Білгенге маржан – танымдық мәліметтер, танымал тұлғалардың пікірлері



Жазып көр – абайтану ғылымының түсініктерін меңгерту тапсырмалары



Кітап – білім бұлағы – қосымша оқуға ұсынылған әдебиеттер



Тыңдалым материалдары



Суретпен жұмыс – сурет бойынша сыни ойлау тапсырмалары

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті жас жеткіншек! Сен «Абайтану» оқулығы арқылы ақынның өмірі мен шығармашылығын оқуды жалғастырасың.

«Абайтану» оқу-әдістемелік кешеніне оқулық, хрестоматия кіреді. Оқулық ақын сөздерінен алынған төрт тараудан тұрады. Хрестоматияда оқулықта талданған көркем шығармалар берілді.

«Тұла бойың ұят-ар едің» тарауы Абайдың ұлы Әбдірахманға арналған өлеңдері арқылы кемел адамға тән тұлғалық қасиеттерді саралап тану, сүйікті ұлына деген әке жоқтауының мәнін түсінуді қарастырады.

«Жастықтың оты, қайдасың?» тарауында адам өміріндегі жастық шақтың қадірін жете түсініп, қадірлі уақытты пайдалы іске, еңбекке жұмсау жөніндегі Абай тағылымын тану, тұлғалық қасиеттерді дамытып, ынтымақ, бірлікке жұмылдыру қамтылған.

«Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі бос» тарауы адам мінезіндегі түрлі қасиеттердің жамандығы мен жақсылығын ой таразысына түсіру, адамшылық болмыс арқылы таным-түсінігін кеңейтуді мақсат еткен.

«Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» тарауы бойынша Абайдың портрет жасаудағы шеберлігін эстетикалық, танымдық мақсатта игерту көзделген.

Шығармалардағы тілдік бірліктердің семантикалық мәнін түсініп, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындау, образдық қызметін ашуды; әке жоқтауындағы эмоционалды-экспрессивті сөздерді зерделеуді т.б. түрлі бағыттағы білімді меңгересің.

«Білу», «Түсіну», «Қолдану», «Талдау», «Жинақтау», «Бағалау» тапсырмалар тобын жеке, жұппен және топпен орындау барысында жаңа тақырыпты жеңілірек меңгересің.

«Хакімнен үйрен» айдарымен берілген сұрақтарға жауап іздеп, жасаған тұжырымыңды өмірде қолдануға дағдыланасың.

Сондай-ақ «Абайтану әліппесінде» жинақталған мәліметтермен танысып, «Жазып көр» тапсырмасын орындау арқылы әдебиеттану ғылымының түсініктерін игересің. Ал «Зертте» айдары сені ізденушілікке жетелейді.

«Кітап – білім бұлағы» айдарында қосымша оқуға әдебиеттер ұсынылды. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарындағы тақырыпқа қатысты мағлұматтарды да ұмытпағаның жөн.

Іске сәт, жас дос!

I ТАРАУ

ТҰЛА БОЙЫҢ ҰЯТ-АР ЕДІҢ

Досым, сен осы тарауда:

- Абайдың ортаншы ұлы Әбдірахманға арналған өлеңдері арқылы кемел адамға тән тұлғалық қасиеттерді саралап танысың;
- ақынның сүйікті ұлына деген әке жоқтауының мәнін түсіне аласың.

«ТҰЛА БОЙЫҢ ҰЯТ-АР ЕДІҢ» ӨЛЕҢІ



ӘБДІРАХМАН

● Меңгерілетін білім:

- көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (оқырмандық ұстанымын білдіре) оқу;
- шығармадағы тұлғалық қасиеттерді автордың өзге шығармаларымен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығына баға беру.

Ақын өз балаларын да, айналасындағы жастарды да ілім-білім алуға, өнерпаз болуға, кәсіп иесі болуға шақырған. Балаларын: Әбдірахман, Мағауия, Күлбаданды Семейге оқуға берген. Әсіресе, екінші баласы Әбдірахманнан (Әбіш) үлкен үміт күткен. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп өкінген ақын оны Семей қаласындағы уездік мектепті бітіргеннен кейін қомақты қаражат жұмсап, Тюмень, Санкт-Петербург қалаларындағы училищелерде оқытады.

Өкінішке орай, ақынның болашағынан үлкен үміт күттірген баласы қатты науқастанып, 27 жасында қайтыс болады. Бұл жайт ақынды қатты күйзелтеді. Іштегі шерін жоқтау өлеңдері арқылы шығарады: «Арғы атасы қажы еді», «Кешегі өткен ер Әбіш», «Тұла бойың ұят-ар едің», «Жиырма жеті жасында», «Талаптың мініп тұлпарын», «Орынсызды айтпаған», «Бермеген құлға қайтесің» т.б.

«Тұла бойың ұят-ар едің» өлеңі 1895 жылы жазылған. Көлемі 10 жол. Туынды – аяулы ұлынан айрылған ақынның жан тебіренісіне толы жоқтау жыры, осы тақырыпқа жазылған өзге өлеңдерінің жалғасы. Абай қайтқан баласының тал бойындағы тамаша қасиеттерін есіне алып, оның асыл азаматтық бейнесін шебер суреттейді:

● Тірек сөздер

Ар, ұят
Нар тәуекел
Ер
Ойға кәрі



● Зертте

Қосымша ақпарат көздерінен жоқтау жырларының шығу тарихын зертте.

Тұла бойың ұят-ар едің,
Ескеріп істеп, ойлаған.
Тәуекелге нар едің,
Талаппен терең бойлаған.

Ақын әдеттегі «нар тәуекел» сөз тіркесінің орындарын ауыстырып, «тәуекелге нар едің» деп қолданған. Абай оның талапшылдығының, ерік-жігерінің арқасында өзге елге барып, білім алуын, қиындықтан қаймықпайтын жан екенін осылай меңзейді.

Ерлікке де бар едің,
Үйренуге тоймаған.

Шынында да сол заман үшін бұл ерлікпен пара-пар еді. Ақын баласының зеректігін, алғырлығын былай көрсетеді:

Жасқа жас, ойға кәрі едің,
Атаңның атын жоймаған.

Әбіш бар-жоғы 27 жас өмір сүрсе де, көпті көрген қариядай дана еді. Осындай ерекше дарынды баласын жоғалтқанын

Замана, неткен тар едің,
Сол қалқамды қоймаған?! –

деп, күйзеле күңірене жоқтайды.

Өлең 7–8 буынды жыр үлгісінде жазылған. Алғаш рет ақынның 1933 жылы жарық көрген толық жинағында жарияланды.

1

Білу

1. Өлең кімге арналып, қашан жазылды?
2. Ақын баласына тағы қандай жырлар арнаған?
3. QR-cod арқылы берілген мәліметті тыңдап, кейіпкер туралы кеңірек біл.

2

Түсіну

1. Өлеңді оқығанда қандай көңіл күйде болдың? Не себепті?
2. Неліктен өлең «Тұла бойың ұят-ар едің» деп аталады?

3

Қолдану

1. Өлеңді пайымдап, оқырмандық ұстанымын білдіре отырып, мәнерлеп оқы.

2. Өлеңде ақынның баласына деген шынайы махаббаты қалай суреттелген? Мысал келтір.

Сөзіңді

Замана, неткен тар едің,
Сол қалқамды қоймаған?! –

деген өлең жолдары арқылы қорытындыла.

4

Талдау

1. «Тұла бойың ұят-ар едің», «Тәуекелге нар едің», «Жасқа жас, ойға кәрі едің» өлең жолдарының лексикалық және ауыспалы мағыналарын анықтап, жасалу жолдарын талда.
2. Топтық жұмыс. Интернеттен ақынның «Кешегі Оспан» өлеңін жүктеп алыңдар. 1-топ осы өлең бойынша Оспан портретін жасайды. 2-топ Әбіштің портретін жасайды. 3-топ екі топтың жұмысы бойынша Әбіштің тұлғалық қасиеттерін Оспанның бейнесімен салыстырып, шығармалардың ұлттық және тарихи құндылығына баға береді.

5

Жинақтау

1. Жұптық жұмыс. «Бұл кім?» әдісі бойынша Абай мен Әбішті сипаттап, жасыр. Жұбың оның кім екенін анықтауға тиіс.
2. Топтық жұмыс. «Синквейн» тәсілімен тақырып бойынша бес жолды өлең құрастырыңдар.
3. Хрестоматиядағы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан берілген үзіндіні оқып, Әбіштің тұлғалық қасиетінің ашылуын өлеңдегі бейнесімен салыстырып, тақырыпты түйінде.

6

Бағалау

1. «Тұла бойың ұят-ар едің» өлеңін тағы бір рет оқып шығып, өкенің балаға деген махаббатына баға бер.
2. Интернеттен Әбдірахман туралы мәлімет іздестіріп, өлеңде айтылған сипатына дәлел іздеп, ақынның объективті көзқарасын бағала.



Білгенге маржан

Абайдың ұлы Әбдірахманға арнаған өлеңдерін екі топқа бөліп қарастыруға болады. Алғашқы топқа жататындары – Әбіш ауруханада

жатқанда, нақтылы өмірлік жағдайда жазылып, өз атынан не Кәкітай атынан жолданған «Я, Құдай, бере гөр», «Алланың рахматын», «Тілім, саған айтайын», «Көзімнің нұрысыз» деп басталатын өлеңдер. Екінші топ өлеңдері – Әбдірахман қайтыс болғанда оның мезгілсіз қазасына арналған жоқтау жырлары.

«Абай» энциклопедиясы



Абайтану әліппесі

Жоқтау (дауыс қылу) – қазақ халқының әдет-ғұрпында адам қайтыс болғаннан бастап, жылы өтіп, асы берілгенше оның жақсы қасиеттері, жақсылығы айтылатын жыр. Қазаны естіген жанашыр жандар да жоқтау айтып кіріп, қайғылы сарынмен көріседі.

Оксюморон – бірін-бірі теріске шығаратын қарама-қайшы ұғымдардан, мағынасы жағынан қарама-қарсы сөздерден құралып, соншалықты соны, тапқырлық, көркемдік әсер, образды ұғым тудыратын біртұтас сөз тізбегі, стильдік тәсіл. Мысалы: тірі өлік, шал жігіт, алпыстағы бозбала, дәрменсіз алып, жақсы өлім.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

«Тұла бойың ұят-ар едің» өлеңіндегі Әбіштің жақсы қасиеттерін сипаттаған жолдарға түсініктеме жаз. Өлеңдегі оксюморонның қолданылу себебін талда.



Хакімнен үйрен

Сен ата-анаң мақтанатындай перзентсің бе? Әбіштің қандай қасиеттерін үлгі тұтасың?



Кітап – білім бұлағы

Абай: энциклопедиясы / бас ред. Р. Н. Нұрғалиев; ред. алқасы З.Ахметов және т.б.– Алматы: Атамұра, 1995.

Өлең неге бұлай аталған?

«ЖИЫРМА ЖЕТІ ЖАСЫНДА» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- өлеңдегі тілдік бірліктердің семантикалық мәнін түсініп, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындау, образдық қызметін ашу;
- әке жоқтауындағы эмоционалды-экспрессивті сөздерді зерделеу, авторлық идеяны өмір шындығымен байланыстыру;
- шығарманы композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын жинақтау.

Тірек сөздер

*Ағайынға бауырмал
Ғылымға бойы толу
Құйрықты жұлдыз*

Зертте

«Құйрықты жұлдыз» деген сөз нені білдіреді? Ақын не себепті қолданған?

Жақын адамы қайтыс болған жан қатты қайғырады. Болған жайтты қабылдау үшін уақыт қажет. Оған дейін қимай, ойлаумен болады. Шығармашылық иелері: суретші, ақын, жазушы, сазгер, күйші т.б. өнерпаздар ішкі қайғы-қасіретін сыртқа шығарып, туындыларында паш ету арқылы жеңілдей алады. Бұл құбылыс психологияда сублимация деп аталады.

«Әбдірахман өліміне» («Жиырма жеті жасында») өлеңі де ақынның шерін тарқатуға арналған шығарма. Әбіштен 50 жасында айырылған ақын:

Сүйекке тиді, қарт едім.
Қайғы болды күйгендей, – дейді.

Жоқтау жырларында әдетте, тек бақилық болғанды қимау сөздерінен басқа оның жақсы қасиеттері де сараланады.

Дүниелікке көңілі тоқ,
Ағайынға бауырмал.
Тәкаппар, жалған онда жоқ,
Айнымас жүрек, күлкің – бал.

Ғылым оқып білгенше,
Тыным, тыныштық таппаған.
Дүниені кезіп көргенше,
Рахат іздеп жатпаған.

Мұнда Әбіштің дүние-мүлікке мүлде қызықпағанын, кішіпейіл, бауырмал болып, тек білім алуға ғана ұмтылып өткенін баяндайды.

Баласының білім алып, ел-жер көру үшін Қырым, Кавказ, Түркістан, Ресей, Сібір аймағын аралағанын да тілге тиек етеді:

Ғылым оқып білгенше
Тыным, тыныштық таппаған.
Дүниені кезіп көргенше
Рахат іздеп жатпаған.

Ұзақ өмір не берер,
Көрген, білген болмаса?
Жатқан надан не білер,
Көңілге сәуле толмаса?

...Ғылымға бойы толған соң.
Көрген жерін молайтқан,
Оқып, біліп болған соң.

Қырым, Кавказ, Түркістан,
Ресей, Сібір қалмады.
Хабарланып әр тұстан,
Көрмей дамыл алмады.

Ақын баласын «көрген-білгені жүзге келген шалдан да көп» деп суреттейді. Расында да, Әбіш білімді, сыпайы, сырбаз жігіт болған. Оның өліміне туыстары ғана емес, бүкіл танитын жандардың бәрі қайғырып, өкінді:



Суретпен жұмыс

Абай мен Әбіш не туралы сөйлесуі мүмкін? «Болжау» стратегиясы бойынша пікірді білдір.



Құйрықты жұлдыз секілді,
Туды да, көп тұрмады.
Көрген, білген өкінді,
Мін тағар жан болмады.
Тәуекел зор, ақыл мол,
Қорықпай тосқан тағдырын.

Әбіш өмірінің аз қалғанын білсе де, мойымай, туғандарына сыр бермей, ерлікпен көтере білді.

Петербурда-ақ кідірмей,
Біліпті дерттің барлығын.
Тәуекел қып білдірмей,
Күтіпті төңірі жарлығын.

Қалжыңы, шыны аралас,
Өмірім аз деп білдіріп,
Бөтен көзде көрсе жас,
Ойнаймын деп күлдіріп.
Аз өмірін ұзайтқан.

Ақын өлеңде өзін «ескінің арты», ал ұлын «жаңа жылдың басшысы» деп атап, яғни жаңа заман көшбасшысы болуға лайық еді дейді. «Әбіштей боламын» деп еліктеп өсіп келе жатқан жасөспірімдерге де бұл орасан зор рухани соққы болғанын білдіріп, өлеңді мынадай жолдармен аяқтайды:

Көзге қамшы тигендей,
Шыр айналды артқы жас.

Әдетте көзіне қамшы тиген мал есеңгіреп, аяғын ілгері баса алмай, қайда жүрерін білмей қалады. Әбіштің артында қалған бауырларының жай-күйін ақын осылай суреттеген.

1

Білу

1. Әбіш қандай жігіт болған?
2. Өлеңде Әбдірахманның қандай қасиеттері айтылған?
3. Өлеңде кездескен жер-су атауларына түсінік бер.

2

Түсіну

1. Өлеңдегі ақынның жан күйзелісі мен көңіл күйі арасындағы байланысты түсіндір.
2. Ақын неге өзін «ескінің арты» дейді?
3. «Арман» дегенді қалай түсінесің?
4. Қиял мен арманның айырмашылығы неде?

3

Қолдану

1. Өлеңді шартты түрде бөліктерге бөліп, өз сөзіңмен мазмұнда.
2. Автор Әбдірахман образын беруде қандай көркемдегіш құралдарды пайдаланды? Осы қолданылған көркемдегіш құралдардың қызметін өлеңнен мысалдар келтіре отырып дәлелде.
3. Жұптық жұмыс. Өке жоқтауындағы эмоционалды-экспрессивті сөздерді зерделеп, авторлық идеяны өмір шындығымен байланыстырыңдар.

4

Талдау

1. Шығармадағы тілдік бірліктердің семантикалық мәнін және өлеңдегі қызметтеріне талдау жасап, кестені толтырып, Әбдірахман бейнесін сарала.

Өлеңнен мысал	Семантикалық мағынасы	Өлеңдегі қызметтері
Дүниелікке көңілі тоқ		
Айнымас жүрек		
Көңілге сәуле толмаса		
Сүйекке тиді		

2. Шығарманы композициялық құрылымына талда.

5

Жинақтау

1. Топтық жұмыс. Үш топқа бөлініп, «Абай жолы» роман-эпопеясының «Қақтығыста» (3-том), «Құз-қияда», «Қапада» (4-том) тарауларындағы Әбіш образының ашылуын өлең мазмұнындағы Әбішпен салыстырып, тақырыпты түйіндеңдер.
2. Өлеңнің негізгі тұжырымын жинақтап, «Түсіндірме күнделік» тәсілі бойынша пікір жаз.

Шығарманың жанры мен тақырыбы	Түйіні	Оқушы пікірі

6

Бағалау

1. Қазіргі жастар Әбдірахман секілді көріп-білуге, оқып-тануға ынтызар ма?

2. Қазіргі заманның ұрпағы ретінде Абайға қандай тоқтау айтар едің?



Білгенге маржан

...Өлеңнің соңында Әбдірахман баласын «жаңа жылдың басшысы» болатын, өзін «ескінің арты» деп таныстырады. Бұл сөзден түйетініміз – Абай орысша оқыған, заманға лайық білім мен тәрбие көрген Әбдірахман баласын жаңалықтың жаршысы, жаңа толқынның алды болатын еді деп үміттенгендігін жеткізгені. Әлихан Бөкейханнан 3 жас кіші, Ахмет Байтұрсынұлынан 3 жас үлкен Әбдірахман Абайұлы тірі болғанда, Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің қатарынан табылатыны сөзсіз еді деп білеміз.

abaiqunanbaiuly.kz



Абайтану әліппесі

Мінездеу – кейіпкердің мінез бітімі, көркем образдың өзегі, негізгі арқауы. Кейіпкердің рухани әлемін, жан сырын, идеясын, күрес жолын, мақсатын, іс-әрекетін нанымды бейнелеу арқылы ашады. Әдебиетте тура және жанама мінездеу деген түсінік бар.

Тура мінездеу – кейіпкердің мінез-құлқын айнытпай, сол қалпында баяндау. Адамды бір сөзбен де мінездеуге болады. Мысалы, сараң болса – Қарабай, аңқау болса – Мырқымбай т.б. Кейіпкерге қатысты құбылыстар мен заттарды суреттеу арқылы қаһарман бейнесін ашып көрсетуді **жанама мінездеу** дейді.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

Әбішке тура және жанама мінездеу бер.



Кітап – білім бұлағы

Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: Арыс, 2001.

«ТАЛАПТЫҢ МІНІП ТҰЛПАРЫН» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- шығармадағы Абайдың ой-тұжырымдарын өзге шығармаларымен байланыстыру, тұтастыру;
- шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдау, мәтіндегі көркемдік қызметін анықтау;
- шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, шығарма, әдеби эссе, блог, әңгіме жазу.

Тірек сөздер

*Тас қияға өрлеу
Қиынға сермеу
Тағылым айту*

Зертте

М.Әуезовтің: «Әбдірахманға арналған жырлар – Абайдың бас қайғысымен байланысты жоқтау жыры» деген пікіріне байланысты «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Әбіш образын зерттеп, ақын өлеңдеріндегі бейнесімен салыстырып, ұқсастығын көрсет.

«Талаптың мініп тұлпарын» өлеңі – 1895 жылы ақынның ұлы Әбдірахман өліміне арнап шығарған жан тебіренерлік жырларының бірі. Әрқайсысы 4 тармақты 5 шумақтан тұрады. Өлең 6–8 буынды шалыс ұйқас үлгісімен жазылған. Алғаш ақынның 1933 жылы жарық көрген толық жинағында жарияланды.

Ақын бұл өлеңінде ғылымға ынтық сүйікті ұлының жарқын бейнесін жасайды. Болашағынан зор үміт күткен баласының халық игілігі үшін қызмет ете алмағандығына құса болады. Әбіштің мақсат қойғыштығын, талапшылдығын, қиындықтан қаймықпай, бірнеше тілді меңгеріп, білімге ұмтылғандығын сипаттайды.

Талаптың мініп тұлпарын,
Тас қияға өрледің,
Бір ғылым еді іңкөрің,
Әр қиынға сермедің... –

деген жолдардан Әбіштің бойындағы өжеттік көрінеді. Екінші жағынан мұнда білімге, ғылымға деген құштарлық айқын аңғарылады.

«Ер қанаты – ат» түсінігін ақын өзінше алып, талапты Әбішке тұлпар орнына мінгізеді, яғни бұл сөзді қазіргі кезде бизнес-тренерлер айтатын мотивация, стимул ретінде қолданған.

Ол кезеңде Ресейге барып ілім-білім алу үшін алға үлкен мақсат қойып, небір қиян асулардан өту қажет еді. Оған

жалындаған жігер, топшысы берік төзім, ерінбей істер еңбек әрі
Әбіштей биік тұлғалы болу керектігін аңғартады.

Сөзмаржан

Іңкәр – ынтызар,
құмар

Тұрғы – тау қыр-
қасының ең биігі

Тағылым – тәлім-
тәрбие, өнеге, үлгі

Пенде – адам

Көзіңді салдың тұрғыға,
Бейнетін қиын көрмедің.
Бірге оқыған құрбыға
Бас бәйгені бермедің.

Бала болдың, жас болдың –
Жалғандыққа ермедің.
Төре болдың, бас болдың –
Көкірегінді кермедің.

Автор әрі қарай да бұрынғы жоқтау жырларында айтылмаған
Әбіштің жақсы қасиеттерін сипаттай келіп:

Ел ішіне сау келсең,
Тағылым айтпас ер ме едің?
Жол көрсетіп, сонда өлсең,
Арманым бар дер ме едім? –

деп, арманын айтады.

Іздеп табар жалғаннан,
Бала берген пенде едім.
Пенде өлмейді арманнан,
Мінеки, мен де өлмедім.

Суретпен жұмыс

Абай рөлінде оқуға жүргелі тұрған Әбішке бата бер.



Осылайша, өлең тұжырымынан қанша жерден қайғырғанымен, тағдырдың жазғанына қауқарсыздығын түсінген ақын өкініші мен мойынсынуы сезіледі.

Сөйтіп, Абайдың Әбдірахманды жоқтаған жырлары өз басының ғана қайғысы болып қалмай, жалпы қоғамдық қайғыға айналған.

1

Білу

1. Талап деген не?
2. Әбіш үшін талаптың тұлпары не еді?
3. Әбіш құрбыларының арасында қандай болған?

2

Түсіну

1. Неліктен ақынның қайғысы жалпы қоғамдық қайғыға айналып отыр?
2. «Тас қияға өрлеу» дегенді қалай түсінесің?
3. Не себепті өлең «Талаптың мініп тұлпарын» деп аталады?
4. Әке арманының өміршеңдігі неде?

3

Қолдану

1. Өлең жолдарынан Әбдірахманға тән қасиеттерді анықтап, мінездеме бер. Алдыңғы тақырыптағы мінездеу түрлерін толықтыр.
2. Жұптық жұмыс. «Серпілген сауал» әдісімен өлеңде қойылған риторикалық сұрақтарға жауап беріңдер.

4

Талдау

1. «Талаптың мініп тұлпарын» және «Тұла бойың ұят-ар едің» өлеңдеріндегі ақынның ой-тұжырымын салыстырып, тұтастырып, өзара үндестігін дәлелде.
2. Топтық жұмыс. «Пирамидалық талқылау» арқылы өлеңнің ішінен көркемдегіш құралдарды тауып, сипаттама беріңдер.
3. Ақын Әбдірахманның қасиеттерін сипаттау үшін қандай сөз өрнектерін қолданған? Ақынның өкінішін білдіретін сөздерін топтастыр.



4. Өлеңдегі ауыспалы мағынадағы сөздердің қолданысын талдай отырып, автор стилін анықта.

5

Жинақтау

1. Жұптық жұмыс. «Еркін айту» стратегиясы арқылы ақынның өлеңдегі айтпақ ойын жүйелеңдер.
2. Өзіңе қандай талап қоясың? Ата-анаң сенің қандай қасиетіңді мақтан тұтады?
3. «Талаптың мініп тұлпарын» өлеңінің көркемдік-идеялық құндылығы туралы пост жазып, интернет желісінде жарияла.

6

Бағалау

1. Ақынның сүйікті ұлының жарқын бейнесін жасаудағы тіл шеберлігіне өз көзқарасың тұрғысынан қорытынды жасап, жаңашылдығына баға бер.
2. Шығарма поэтикасындағы автордың айшықты қолтаңбасына баға беріп, «Әке махаббатының көрінісі» тақырыбында әдеби эссе жаз.



Білгенге маржан

...Оспанның өлімінен соң Абайды қатты күйдірген өлімнің бірі осы болды. Бұл баласы Абайдай әке өмірінің жалғыз бір үлкен жұбанышы болған еді. Соның мұратына жете алмай ерте өлгені артында қалған әкесін қатты қайғыға салған. Ел ортасында «етек басты» көріп талпынған адамшылық жарығына өз басы жете алмай, барлық өмірі «сандалмамен күн кешкен» өмір болғанда Абайдың қиялы мен сағынып көкsep, асығып аңсап іздеген, мағыналы тіршілігі сол баласының тіршілігі болса керек. Шынымен көп үшін өмір сүріп, өнімді еңбек етіп, мағыналы адамшылық ұрығын шашатын жалғыз үміті сол еді. Соның ерте өлгендігі Абайдың жүрегінен тағы да қатты толқынып келген көп-көп зарды шығарды. Өбіштің өліміне арнап айтқан өлеңдері, Оспанның өліміне айтқаннан да қайғылы, зарлы, шерлі сөздер болады. Бұл өлім де, осы кездегі барлық өлеңіне қайғы мен өкініштің қалың арманының уын жайғандай болды.

М. Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы



Метафора немесе **ауыстыру** – сөз мәнін өңдеп, өзгертіп айту. Суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту.

1. Бір нәрсені жалғаусыз, жұрнақсыз екінші нәрсеге балау, салыстыру, ұқсату арқылы жасалады. Мысалы:

Гималай – көктің кіндігі,

Гималай – жердің түндігі. (І.Жансүгіров)

2. **-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін, -сын** тәрізді жіктік жалғаулары арқылы жүзеге асады. Мысалы: *Мен жаралы жолбарыспын.*

3. **Еді, едім, едің, екен, ем** сияқты көмекші етістіктердің көмегімен туындайды. Мысалы:

Сен жаралы жолбарыс ең,

Мен киіктің лағы ем.

4. **Бейне, тең, секілді** сөздері арқылы метафоралық теңеу жасалады. Мысалы:

Қайғың болар шермен тең,

Қара көңілім жермен тең. (Абай)

Тұрағұл Қоңыров



Жазып көр

«Талаптың мініп тұлпарын» өлеңіндегі метафораларды тауып, олардың жасалу жолдарын талдап жаз.



Хакімнен үйрен

Әбіш сол кезеңдегі жақсы оқу орындарында білім алды. Сен болашақта кім болуды жоспарладың? Оны қалай жүзеге асырмақшысың?



Кітап – білім бұлағы

Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978.

Әбдірахман тағы қандай асыл қасиеттерімен ерекшеленген?

«КЕШЕГІ ӨТКЕН ЕР ӘБІШ» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- шығармадағы өзекті ойды анықтау, сөз образдарының идеяны берудегі қызметін ашу;
- әдеби мәтіндердің жанрына байланысты өзіндік белгілерін айқындау.

Тірек сөздер

*Елден асқан ерек
Туысы жаннан бөлек
Боямасыз ақ көңіл*

Зертте

Қосымша ақпарат көздерінен Абай мен Әбіштің пікірталасын тауып оқы. Қайсысының айтқаны дұрыс? Неге? Пікіріңді жаз.

Сөзмаржан

Ерек – ерекше
Сідет – міндет
Ғаріп – бұл жерде:
кедей
Тәбділ – бұл жерде:
тағдырға не шара

«Кешегі өткен ер Әбіш» – Абайдың ұлына арнап 1895 жылы жазған өлеңдерінің бірі. Көлемі 18 жол.

«Әке – балаға сыншы» демекші, ақын ұлының ерекше тұлғасын, білім алуға құштар болғанын жырға қосып, оны ерге теңейді:

Кешегі өткен ер Әбіш
Елден бір асқан ерек-ті.
Жүрегі – жылы, бойы – құрыш,
Туысы жаннан бөлек-ті.
Өнері оның жұрт асқан,
Ғылымға көңілі зерек-ті.

Расында да, ол заманда кішкентай ауылдан үлкен мақсатпен шығып, бейтаныс елде, бейтаныс қалада, ата-анасынан өте алыс жерде оқуды үздік бітіру үлкен ерлікпен тең.

Елдегі кедей-кепшіктерге қаржылай, заң саласынан кеңес алғысы келгендерге көмек беруге аянбаған ұлының бейнесін ақын былайша береді:

Аямаған ғаріптен
Қолдан келген көмекті.
Кісіге сідет жүктетпей,
Еңбекпен тапқан қоректі.
Біреудің қылған қарызын
Айтқызбай артық төлепті.

Осылай Әбдірахманның адалдығын, адамгершілігін тебірене жырлап келіп,



Суретпен жұмыс

Әбіш ауылдағы жастарға қандай ақыл-кеңес беруі мүмкін? Шағын әңгіме жаз.



Боямасыз ақкөңіл,
 Кірлетпей кетті жүректі.
 Ойламаған өлімнен
 Жасқанамын демек-ті.
 Тағдырға тәбділ бола ма,
 Сабырлық қылсақ керек-ті, –

деп, сөзінің соңында баласының ешкімнің көңіліне қаяу салмай, көзі жұмылғанша адами бейнесімен қалғанын көңілге медет қыла отырып, өзін де, өзгелерді де сабырға шақырған, басу айтқан.

1

Білу

1. Өлең қашан жазылды?
2. Өлеңде Әбіштің қандай қасиеттері суреттеледі?
3. Әбіштің жұрттан асқан қандай өнері болды?
4. Ақын Әбіштің артында қалған жұртқа қандай жұбату айтады?

2

Түсіну

1. Не себепті ақын Әбішті «Туысы жаннан бөлек-ті» дейді.
2. Автор «Боямасыз ақ көңіл» деген сөзді не үшін қолданады?
3. Әбіш кімдерге көмек көрсеткен?

1. Өлеңдегі өзекті ойды анықтап, сөз образдарының идеяны берудегі қызметін ашып, кестені толтыр.

Өлеңдегі өзекті ой	Сөз образдарының идеяны берудегі қызметі

2. Шығармадағы ауыспалы мағынадағы сөздерді топтастыр.

1. Топтық жұмыс. Хрестоматиядан М.Әуезовтің «Абай Құнанбаев» монографиясын оқып, ақынның өмірін, оған әсер еткен жайттарды зерделеңдер. «Абай кім?», «Әбіш кім?» деген тақырыпта жоба жасап, талдаңдар.

Абай кім?

Әбіш кім?

2. «Кешегі өткен ер Әбіш» өлеңін талдап, жанрына байланысты өзіндік белгілерін айқындап, мысалдармен көрсет.

1. Жұптық жұмыс. «FILA тәсілімен» зерттеу жұмысын жасаңдар.

F / Дерек/ – кейіпкер бейнесін ашатын деректер;

I / Пікір/ – кейіпкер туралы ой-пікірілерің;

L / Сұрақ/ – кейіпкер тұлғасын ашатын сұрақтар;

A / Іс-әрекет/ – автордың кейіпкерді суреттеудегі қолданған тәсілі.

Дерек	Пікір	Сұрақ	Іс-әрекет

2. «Кешегі өткен ер Әбіш» өлеңін тағы бір рет оқып шығып, жанрын өзгертіп, әңгіме жаз.

Өлеңнен қазіргі заманға қажет болатын маңызды қорытынды шығаруға бола ма? Болса, қандай?



Білгенге маржан

Абайдың ақындық дарынын жете таныған, оның профессионалдық жолға түсуіне кеңесші болған адамдардың бірі Әбдірахман деп білеміз. Сол Әбдірахманмен Абай ғылыми, философиялық тақырыптарға көп сөйлесіп отырған. Тіпті Абай одан пікір жарысын көруді ұнататын болған. Бұдан біз әр мәселеден тиянақты, терең пікірі бар Әбдірахманмен әңгімелесуден Абайдың рухани ләззат, нәр алып отырғанын аңғарамыз.

Тәкен Әлімқұлов



Абайтану әліппесі

Эпитафия – дүниеден кеткен әлдебір қадірлі кісі жайлы жоқтау немесе құлпытастарға жазылған жазу. Қазақ әдебиетінде Абай, Жамбыл, Жұбан Молдағалиев, Жарасқан Әбдірашев т.б. эпитафия үлгілерін жасаған.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

Өлеңді Жамбылдың өз ұлы туралы «Алғадай туралы әрбір ой» өлеңімен салыстырып оқып, «Өке арманы» деген тақырыпта эссе жаз.



Хакімнен үйрен

Бүгінгі тақырыптан не тәлім алдың? «3 таяқша» әдісімен жұмыс істе. Тақырып бойынша:

- бір сұрақ қой;
- бір жауап жаз;
- бір идея айт.



Кітап – білім бұлағы

Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. – Алматы: Жазушы, 1993.

«ОРЫНСЫЗДЫ АЙТПАҒАН» ӨЛЕҢІ

● Меңгерілетін білім:

- көркем мәтіннен дәйектер келтіре отырып, образдардың тұлғалық ерекшеліктерін жазу/дәйектеп айту;
- көркем мәтінді жалпы-адамзаттық құндылық тұрғысынан бағалап, әдеби эссе жазу.

○ Тірек сөздер

*Түзу жолдан қайтпау
Тура сөзді жақтау*

Ақын «Орынсызды айтпаған» өлеңінде Әбішті тек ұлы ретінде ғана емес, халқының біртуар тұлғасы ретінде де жоқтайды. Әбіш образын сомдай отырып, елді басқаратын нағыз азамат осындай болу керек деген үгіт-насихат айтады:

Орынсызды айтпаған,
Түзу жолдан қайтпаған;
Жақсылық қылар орында
Аянып бойын тартпаған.

Қалада жастарды жолдан тайдырар желік көп. Алайда Әбіш ата-ананың бақылауынан тыс болса да, теріс қылықтарға бармай, тәрбиелі күйін сақтап, тек білім алумен ғана айналысқан. Ақын мұны былай көрсетеді:

Ортасында көпірдің
Арамынан татпаған.
Өмір бойы талпынып,
Ғылым іздеп, жатпаған.

Абай заманында Әбіштей білімді адам кемде-кем еді. Ол сонда да халықтан өзін жоғары санамаған. Оның тәкаппар болмағандығын мына жолдардан аңғарамыз:

Түрленіп төре болдым деп,
Есерленіп шатпаған.
Жүз мың теңге келсе де,
Махаббатын сатпаған.

Кезінде әділ болыс, би болған Абайдай әкеден өнеге алған Әбіш те тек әділдікті жақтаған. Алдына келгендерді үлкен-кіші демей, тыңдап, турасын айтқан. Ел ішіндегі келеңсіз жайттарға қарсы тұрған. Осы үшін де оның жақтаушылары көп болған.

Бала айтса да хақ сөзді,
Бұрылмастан тоқтаған.
Өтіріксіз, турашыл,
Еш сөзі жоқ таппаған.
Сыйласарлық кісіге,
Түк қалмайтын сақтаған.

Өлең жоқтау стилімен 7–8 буынды эпостық жырлар үлгісінде ауыспалы ұйқаспен жазылған. Ақын қапыда көз жұмған жас Әбішті, ер Әбішті, білімді Әбішті осылай жоқтап, ішіндегі шерін төккен.

Зертте

«Абай жолы» роман-эпопеясында елге демалысқа келген Әбіштің кімдерге араша болғаны суреттеледі?

Суретпен жұмыс

QR-cod арқылы өлеңді тыңдап, суретпен салыстыр. Әбіштің қасиеттерін сарала.



1

Білу

1. Өлең қандай ұйқаспен жазылған?
2. Өлеңде Әбішке қандай мінездеме берілген?
3. Әке мен бала арасындағы байланыс қандай?

2

Түсіну

1. Әбіштің кішіпейіл, адамгершілігі мол жан болып қалыптасуына қандай жайттар әсер етті?
2. Неліктен ақын Әбдірахманның өнегелі өмірінен хабар береді?
3. Ақын Әбдірахманның жаңаша сипатын қалай ашқан?
4. Өлең неліктен эпостық жырлар үлгісінде жазылған?

3

Қолдану

1. «Зерде» тәсілі бойынша Әбіш туралы өлеңдердің маңызын саралап, кестені толтыр.

Білім	Тақырып бойынша алған ақпараттарым
Эмоция	Өлең оқығандағы менің көңіл күйім
Баға	Автор шығармашылығына беретін бағам
Сын	Автор туындыларының мен үшін маңызы
Идея	Оқырман және тыңдаушы ретінде автор шығармаларын насихаттауға ұсынатын идеям

2. Топтық жұмыс. «Кластер» әдісімен екі топқа бөлініп, Әбіш пен Абайдың портреттерін жасаңдар.

1-топ

Әбіш портреті

2-топ

Абай портреті

4

Талдау

1. Жұптық жұмыс. Өлеңдегі *айтпаған, қайтпаған, тартпаған, жақтаған, татпаған* ұйқастарының Әбіш мінезін ашудағы тілдік қызметін талдаңдар.
2. Абайдың өлеңдегі адамзатқа тән мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу шеберлігін талда.

1. Өлеңнен дәйектер келтіре отырып, Әбіш образының тұлғалық ерекшелігін жаз.
2. Ақын Әбдірахман бойынан «толық адам» қалпына сыятын барлық қасиеттерді көре алды ма? Пікіріңді дәлелдеп жаз.

Өлеңді жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан бағалап, әдеби эссе жаз.

Білгенге маржан

Психолог мамандар жақын адамынан айырылған жанның қайғыру процесінің бірнеше кезеңнен өтетінін айтады: қабылдамау, ызалану, көндігу, күйзелу және мойынсыну. Бұл кезеңдерден өту белгілі бір уақытты талап етеді. Бір, бір жарым, екі жылға созылуы мүмкін. Абайдың Әбішке арнаған өлең топтамаларынан көндігу, күйзелу, мойынсыну көбірек көрінеді. «Кешегі өткен ер Әбіш» өлеңі «Сабыр қылсақ керек-ті», «Талаптың мініп тұлпарын» өлеңі «Мінеки, мен де өлмедім» деген мойынсынулармен аяқталады. «Жиырма жеті жасында» туындысында ақын күйзелісін паш етіп: «Сүйекке тиді, қарт едім» деп, қайғының сүйегіне дейін өтіп кеткенін, ал «Тұла бойың ұят-ар едіңде»: «Замана, неткен тар едің, Сол қалқамды қоймаған?!» ызалануын білдіреді.

Ақын тек сүйікті ұлынан ғана емес, өзіне ақыл-кеңес бере алатын оқыған, мәдениетті, рухани жолдасынан айырылды.

Бұл жоқтаулар біріншіден, Әбіш туралы өлеңмен жазылған естелік ретінде құнды. Екіншіден, Абайдың өз портретін әке және ақын рөлінде де жасауымен маңызды.

«Абай» энциклопедиясы

Абайтану әліппесі


Жеті-сегіз буынды өлеңдер – қазақ поэзиясында ерте кезден өте жиі қолданылып келе жатқан өлең өлшемі. Жеті буынды тармағы екі бунақтан (4 буын – 3 буын), сегіз буынды тармағы үш бунақтан (3 буын – 2 буын – 3 буын) құралады. Осы екі түрлі тармақтар шумақ ішінде белгілі ретпен топтасады. Мысалы, төрт тармақ, алты тармақ,

сегіз тармақ болып келеді. Жырда да осы тармақтар қолданылғанымен, олар еркін араласып, түйдек-түйдек болып топтасады. Жеті-сегіз буынды өлеңнің қазақ поэзиясында Абайдан бастап, лирикалық өлеңдерде (тек қысқа нақыл сөз, мақалдарға ғана емес) орныққан ырғақтық өрнегі бар. Бұл өлең өлшемінде сегіз буынды тармақтар екі 4 буынды бунақтан тұрады (4 буын – 4 буын).

«Абай» энциклопедиясы

Хақімнен үйрен

«Әбіш образының мен үшін маңызы» тақырыбында жоба жұмысын дайындап, тезисін «3-2-1» әдісі арқылы жаз.



Жазып көр

«Орынсызды айтпаған» өлеңі жеті-сегіз буынды болғанымен, дәстүрлі жырдан айырмашылығы неде?

Кітап – білім бұлағы

Ысқақов Ө. Абайдың өмір жолы // Жүрегіңнің түбіне терең бойла. – Алматы: Жазушы, 1995.

Міне, сен Абайдың ізгілік, имандылық туралы мәлімет берген шығармаларынан тұратын тарауды аяқтадың.
Не білдің? Не үйрендің? Көне, өзіңді сынап көр.

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР

Қайталау тапсырмалары

1

Білу

1. Ақынның Әбдірахманға арнаған жырлары қашан жазылды?
2. Әбдірахманға арналған жырлардың ерекшелігін ата.
3. Бұл өлеңдер оқырмандарында қандай сезім тудырады?

2


Түсіну

1. Абай не себепті Әбдірахманнан көп үміт күткен?
2. Ақынның жоқтау жырлары неліктен жеті-сегіз буынды болып келеді?

3

Қолдану

1. «Тұла бойың ұят-ар едің» өлеңі негізінде түйген ойыңды таратып жаз.
2. Топтық жұмыс. Барлық өлеңдерден түйіндеп, Әбіш портретін жасап, сызбаны толтырыңдар.



Өлеңдерде берілген көркемдегіш құралдарды талдап, кестеге толтыр.

Көркемдегіш құралдар	Мысалдар	Қолданылу ерекшелігі
Теңеу		
Эпитет		
Метафора		

- Жұптық жұмыс. Автордың:
Құйрықты жұлдыз секілді,
Туды да, көп тұрмады, –
деп ой толғауының мәні неде? Пікірлерінді деректермен дәйектендер.
- Төмендегі өлең жолдары ақын күйігінің себебі бола ма?
Жаңа жылдың басшысы – ол,
Мен ескінің арты едім...
Ойыңды түйіндеп, ойтолғау жаз.

- Қазақ халқында «Бір бала бар – атасына жете туады. Бір бала бар – атасынан өте туады. Бір бала бар – кері кете туады» деген пікір бар. Әбіш қандай бала? Ойыңды мысалдармен дәлелде.
- Әбіш қазіргі заманда өмір сүргенде қандай мамандықты игеруі мүмкін еді?
«Информатика» пәнінен алған біліміңе сүйеніп, еліміздегі ғылым, техника және технология жетістіктерін меңгеруге дайындайтын мамандықтар туралы мәліметтерді кестелік графика түрінде жаса.
- Әбішке арналған өлеңдердегі кемел адамға тән тұлғалық қасиеттерді саралап, «Тұла бойың ұят-ар едің» тақырыбында аргументті эссе жаз.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері

1. Мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орында.

Он жолдан ғана тұратын өлеңде Әбдірахманның сипаты да, одан айырылған әке арманы да соншалықты мол қамтылып айтылған. Ақын Әбдірахманның сипатын қазақтың бұрын-соңды поэзиясында ұшыраспаған небір ірі-ірі сөздерді түйдек-түйдегімен қиыстыра отырып суреттейді.

Абайдың суреттеуінде Әбіш – үлкен тәуекел иесі. Бірақ бұл халық аузында айтылатын: «Тәуекел ет те, тас жұт», – дегендегі дүлей, тілсіз күштен басқа. Бұл – ойлылық пен естіліктен, талаптылықтан туған тәуекел, адамның өз күшіне өзі сенуінен барып туатын тәуекел. (А.Нұрқатов)

- 1) Мәтінде қай өлең туралы айтылған?
 - A) «Орынсызды айтпаған» өлеңі
 - B) «Талаптың мініп тұлпарын» өлеңі
 - C) «Тұла бойың ұят-ар едің» өлеңі
 - D) «Жиырма жеті жасында» өлеңі
- 2) «Тұла бойың ұят-ар едің» өлеңіндегі Әбдірахманның интеллектуалдық бейнесін биіктен көрсететін өлең жолы:
 - A) Тәуекелге нар едің
 - B) Жасқа жас, ойға кәрі едің
 - C) Тұла бойың ұят-ар едің
 - D) Ерлікке де бар едің

2. Өлеңді мұқият оқып, тапсырманы орында:

...Ғылымға бойы толған соң,
Көрген жерін молайтқан,
Оқып, біліп болған соң,
Қырым, Кавказ, Түркістан,
Ресей, Сібір қалмады.
Хабарланып әр тұстан,
Көрмей дамыл алмады.

Әбіш қанша шетелге барған?

- A) 2
- B) 3
- C) 5
- D) 4

3. Өлеңді оқып, тапсырманы орында.

Бала айтса да хақ сөзді,
Бұрылмастан тоқтаған.
Өтіріксіз, турашыл,
Еш сөзі жоқ таппаған.
Сыйласарлық кісіге,
Түк қалмайтын сақтаған.

4. Өлең үзіндісіне сай мақалды тап.

- A) Жақсы атын мақтар.
- B) Адам аласы ішінде.
- C) Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ.
- D) Адам сөйлескенше.

5. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орында.

Тақырып жағы мен нақтылы факт жағынан алғанда бұл өлеңдер Абайдың жеке ғана өз басының үй ішілік қайғысы, бас лирикасы деуге болады. Бірақ сырт қалыптары қазақ поэзиясында көп кездесетін көңіл шеріне, мұң жырларына, жоқтау сарындарына ұқсаса да, дәл осы өлеңдердің өзінде де Абайдың ақындығы өзгеше үлгі тудырып, тағы бір бұрын шықпаған шеберлік танытады. (М.Әуезов)

- 1) Мәтін қандай үлгіде жазылған?
 - A) Естелік
 - B) Өңгіме
 - C) Зерттеу
 - D) Хат
- 2) М.Әуезов пікірімен келісесіңдер ме?
Келісемін, себебі
Келіспеймін, себебі
- 3) Мәтінде айтылмаған пікірді көрсет:
 - A) Ақынның бұл өлеңдері үй ішілік қайғысын көрсетеді
 - B) Ақынның бұл өлеңдері жеке басының қайғысын білдіреді
 - C) Ақынның бұл өлеңдері шеберлік шыңын танытады
 - D) Ақынның бұл өлеңдері жоқтау сарынына ұқсамайды

II ТАРАУ

ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ, ҚАЙДАСЫҢ?

Досым, сен осы тарауда:

- адам өміріндегі жастық шақтың қадірін жете түсінуді;
- қадірлі уақытты пайдалы іске, еңбекке жұмсау жөніндегі Абай тағылымын тануды;
- тұлғалық қасиеттерді дамытып, ынтымақ, бірлікке жұмылдыруды үйренесің.

«ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ, ҚАЙДАСЫҢ?» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (оқырмандық ұстанымын білдіре) оқу;
- шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын жинақтау.

Тірек сөздер

Жастық
Кісілік
Махаббат
Өнер

Зертте

Абайдың ғылым-білімді насихаттайтын өлеңдерін топтастырып, ғылымға берілудің, ғалым болудың жолдарын зерттеп, кесте құр.

Сөзмаржан

Салдық – серілік, мырзалық, кербездік

Ақын «Жастықтың оты, қайдасың?» атты өлеңін 1889 жылы толысқан кемел шағында 44 жасында жазған. Жас адам қайратты, алғыр, зерделі, батыл болады.

Жастықтың оты, қайдасың,
Жүректі түртіп қозғамай?
Ғылымның біліп пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай? –
деп басталатын өлеңнің «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» туындысымен үндес екені сезіледі. Ақын жас болсам, қайратымды ғылымға жұмсар едім дейді.

Адамның тауып айласын,
Кісілікті ойламай.
Қаруын көңіл сайласын,
Қолға ол түспес бойламай, –
деген жолдармен адамның сан қырлы мінезінің ішкі қабаттарына бойлаудың оңай еместігін аңғартады. Өзгелермен қарым-қатынас құру үшін де ақыл, парасаттылық, кісілік керектігін меңзейді. Өмірдің тек қызық пен қуаныштан ғана емес, уайым-қайғымен де аралас келетінін ескертіп өтеді. Жастықтың көркі – сондай-ақ махаббат пен адал достық. Бұлардың да қадірін білу керек дейді:

Махаббат, қызық кім көрер,
Оның да дәмін татпаса?
Біржола басты кім берер,
Жаныңа қайғы батпаса.

Аямай жанын дос ерер,
Жолдастықты ақтаса.
Алдыға айдап кім келер,
Ерінбей жүріп бақпаса.

Ақын жастарға арналған жырларының барлығында дерлік, уақытты зая өткізбей, еңбек ету, кәсіп иесі болу, өнерпаздық мәселелерін қозғайды.

Мал бақпақтық шаруа боп,
Адал тауып асықпай.
Құр айғаймен әуре боп,
Өнердің жайын баса ұқпай.


Албырт жастықтың көзді ашып-жұмғанша өтіп кететінін өз стиліне тән әжуамен өлеңінің соңында былай түйіндеген:

Енді нені істейміз,
Бәрінен де бос қалдық?
«Ауызға келіп түс» дейміз,
Қылып жүріп құр салдық.



Суретпен жұмыс

Ақын қолы бос уақытта өзінің және ауылының балаларын жинап, кітап оқып беруді дағды еткен. Осылайша ол балаларды жастайынан бос уақытын пайдалы істерге жұмсауға әрі кітап оқуға баулыған. Суретке қарап, «Байланыстырушы» әдісімен сурет пен тақырып арасындағы 2 не 3 байланысты анықта.



Ақын өз заманындағы жастарды осылайша қайрап, уақытын бос селтеңмен, мақсатсыз әр ауылға қыдырып, күліп-ойнауға жұмсамай, дүниенің бір кетігіне қалануға шақырады.

1

Білу

1. Өлеңнің тақырыбы қандай?
2. Жастық шақта адам қандай болады?
3. Өлең ақынның қай шығармаларымен үндес?

2

Түсіну

1. Ақын не себепті «Жастықтың оты, қайдасың?» дейді?
2. Ғылым адамзатқа неліктен пайдалы?
3. Дүниенің көркі не болуы мүмкін? Не себепті?

3

Қолдану

1. Өлеңді пайымдап, оқырмандық ұстанымын білдіре отырып, мәнерлеп оқы.
2. Өлеңдегі Абайдың сыншылдық сипаттағы ақыл-кеңес мәнді ойларын теріп жаз.
3. Интернеттен еліміздің дамуына елеулі үлес қосқан адамдар тарихымен таныс. Өзіңді қызықтырған сала мен тұлға туралы жоба жаса.

4

Талдау

1. Топтық жұмыс. Жас адам қандай болу керек? «Талдап білу» әдісімен өлең жолдарын кезекпен, біріңнен соң бірің дауыстап оқыңдар. Бір-біріңнің оқылымдарыңа қысқаша сипаттама беріп, талдаңдар.

Талқылаушы	Өлеңнің тақырыбын, идеясын, мағынасын айтады.
Белгілеуші	Өлең мазмұны бойынша сұрақ дайындайды.
Байланыстырушы	Өлеңнің мағынасын өмірмен байланыстырады.
Топ шешені	Өлеңнің мазмұнына сәйкес қазіргі қолданыстағы мақал-мәтелдерді айтады.
Қорытындылаушы	Өлеңнің құндылығын айтып, баға береді.

2. Өлеңді композициялық құрылымына талда.

1. Жастық шақтың ғылымды игеруге тигізер ықпалы бар ма? Өз пікіріңді дәлелде.
2. Өлеңнен алған әсеріңді зерделеп, замандастарыңа хат жаз. Оларға жастық шақты мағыналы өткізуге кеңес ұсын.
3. «Жастықтың оты, қайдасың?» өлеңінің өміршеңдігін көрсететін презентация жаса.

1. Өлең идеясының ұлттық мүддені қорғауда алатын орнына баға беріп сызба, кесте түрінде ұсын.
2. Еліміздің экономикасын дамыту үшін жастар қандай салаларға көңіл бөліп, қандай мамандықтар таңдағаны жөн?



Білгенге маржан

Абай шалыс ұйқасты қазақ поэзиясына алып келіп, жеті-сегіз буынды өлең түріндегі өрнектерін ескере білген. Өз өлеңдерінде қайта жасап жаңғырту арқылы 8 буынды, 2 бунақты, яғни алғашқы бунағы кілең 5 буыннан, соңғы бунағы да солай үнемі 3 буынмен келетін шалыс ұйқастың:

Жастықтың оты // қайдасың,	5	3 а
Жүректі түртіп // қозғамай?	5	3 б
Ғылымның біліп // пайдасын,	5	3 а
Дүниенің көркін // болжамай	5	3 б

деп, осы қалыпта келетін түрін қалыптастырып, заңдастырған.

Дәурен Мұхамәдиев

Хакімнен үйрен

Жас күніңді бекер өткізбеу үшін алдыңа мақсат қойдың ба? Болашағыңды қалай елестетесің?



Кітап – білім бұлағы

Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995.

«БІР ДӘУРЕН КЕМДІ КҮНГЕ – БОЗБАЛАЛЫҚ» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- шығармадағы өзекті ойды анықтау, сөз образдарының идеяны берудегі қызметін ашу;
- көркем шығармадағы автордың суреттеу тілін талдау, өзіндік ерекшеліктерін айқындау;
- шығармадағы тұлғалық қасиеттерді автордың өзге шығармаларымен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығына баға беру.

Тірек сөздер

*Бозбалалық
Өнер іздеу
Сөзді ұғу*

Сөзмаржан

Бадалық – қуаныш, алданыш
Жалтаңкөздік – біреуге тәуелді болушылық
Шалдуарлық – мінездегі шөлкем-шалыстық, жүгенсіздік

Зертте

Абай қай өлеңінде күлкіні қымбат дейді?
Бүгінгі тақырыппен үндестігі бар ма?

Абай жастық шақты мән-мағыналы, пайдалы түрде өткізу мәселесін «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» өлеңінде де қозғайды.

Бұл өлеңді оқып отырған оқырманның көзіне сол замандағы жастардың өмірі толық елестейді. Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда расында да, мақсатсыз, жоспарсыз өмірді елестету өте қиын.

Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық,
Қартаймастай көрмелік, ойланалық.
Жастықта көкірек зор, уайым жоқ,
Дейміз бе ешнәрседен құр қалалық.

Дана ақын әрбір жасқа ержеткесін, көрсеқызарлыққа салынбай, таңдаған жарына үйленіп, әрі қарай еңбек ету қажеттігін айтады. Күнде сауық-думан құруды, қыл-жақтап жүруді «диуаналыққа» теңейді.

Бар ойы – өлең айтып, ән салалық,
Біреуді қалжың қылып қолға алалық.
Қызды ауылға қырындап үйір болса –
Көңіліне зор қуаныш бір бадалық.

Демендер өнбес іске жұбаналық,
Ақыл тапсақ, мал тапсақ, қуаналық.
Қызды сүйсең, бірді-ақ сүй, таңдап тауып,
Көрсеқызар, күнде асық – диуаналық.

Автор күлкінің өзін қымбатқа – бір қараға бағалайды, яғни арзан ойын-күлкі

жігіттің сәні емес. Оны есі бар адам түсінеді. Жігітке өнермен айналысып, еңбек ету керек. Той-томалаққа бар жылтырын киіп барып, аударыспақ ойнап қайтуға болады. Алайда бұл да мәңгі емес, «ат арықтайды», «тон тозады»:

Жастықта бір күлгенің – бір қаралық,
Күлкі баққан бір көрер бишаралық.
Әуелі өнер ізделік қолдан келсе,
Ең болмаса, еңбекпен мал табалық.

Той болса, тон киелік, жүр, баралық,
Бірімізді біріміз аударалық.
Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер,
Күлкіні онша күйлеп, шуламалық.

Ақылсыз ғана ертеңгі күнін ойламайды, сондықтан автор «уайым – ер қорғаны» дейді. «Уайым» сөзін ақын «мақсат» мағынасында қолданған. Өмір сүруге құштар, есі бар адам құмарлыққа салынбай, болашағын ойлап, «бескүндік» майданда жеңіп шығады. Өмірді майданға теңейді. Икемі жоқтар жарлы, «жалынышты», «жалтаңкөз» болады.

Уайым – ер қорғаны, есі барлық,
Қиыны бұл дүниенің – қолы тарлық.



Суретпен жұмыс

QR-cod-тағы өлеңді тыңда. Ақын заманындағы жастардың сауық-думаны мен қазіргі жастардың көңіл көтеруіндегі ұқсастық пен ерекшелік неде?



«Ehe-ehege» елірме, бозбалалар,
Бұл бескүндік бір майдан ер сынарлық.

Салынба, қылсаң дағы сан құмарлық,
Алдыңда уайым көп шошынарлық:
Жарлылық, жалынышты жалтаңкөздік,
Сүйкімі, икемі жоқ шалдуарлық.

Әр нәрсенің өз уақыты бар, ешкім өле-өлгенше салдықпен айналыспайды, тоқтайтын мезгілі болады. Қолынан ештеңе келмейтіндер ұрлық жасайды, біреуге тәуелді болады, бала-шағасын асырай алмайды. Дер кезінде тәрбие беретін әке, жөн сөз айтатын ағайын табылмаса, кейін зардап шегеді.

Әсем салдық өлгенше кім қыларлық,
Оған да мезгіл болар тоқталарлық.
Ұрлық қылар, тентіреп тамақ асырар,
Болмаған соң жұмыс қып мал табарлық.

Басында әке айтпаса ақыл жарлық,
Ағайын табылмаса ой саларлық,
Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен,
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?

Ақын өлеңінің соңында осындай келелі кеңесті тыңдайтындар, сөзді ұғарлық жандар аз екеніне, «қайран дәуренді» текке өткізгендерге қынжылады.

Осы елде бозбала жоқ сөзді ұғарлық,
Үзілмес үмітпенен бос қуардық.
Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп,
Жүрмесін деп аз ғана сөз шығардық.

Өлең шұбыртпалы ұйқаспен, 11 буынмен жазылған. 10 шумақ өлеңнің бәрі бір ұйқасқа бағындырылған. Алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланды.

1. Өлең кім туралы?

2. Ақын өзін кімнің рөлінде көреді?
3. Балаға кімдер ақыл айтқаны жөн?

2

Түсіну

1. Ақын өлеңінде жастарға неліктен айрықша назар аударған?
2. Автор «Түбінде тартқызбай ма, ол бір зарлық?» дегенді не үшін айтады?

3

Қолдану

1. Өлеңдегі өзіңе мағынасы бейтаныс сөздерді қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен тауып, олардың мағынасын дәптеріңе жаз.
2. Өлеңдегі өзекті ойды, қоғамдық мәселелерді анықта.
3. Шығармадағы өмірден безінерлік қылықтарды суреттеп, сөз образдарының идеяны берудегі қызметін көрсет.

4

Талдау

1. Топтық жұмыс. «Кубизм» әдісімен 6 топқа бөлініп, өлеңдегі көтерілген мәселелердің әлеуметтік рөлі мен эстетикалық құндылығын талдаңдар.
2. Өлеңдегі автордың суреттеу тілін талдап, өзіндік ерекшеліктерін айқында.
«Ақын тілінің сөздігін» құрастырып, кестені толтыр.

Тілдік ерекшеліктері	Мысалдары

3. Өлеңді «Ұқсастық пен даралық» тәсілі арқылы «Жастықтың оты, қайдасың?» туындысымен салыстыр.

Ұқсастық

Даралық

5

Жинақтау

1. «3–2–1» әдісі бойынша кестені толтыр.

Өлең туралы 3 дерек			
Өлең бойынша 2 сұрақ			
Қызығушылық танытқан 1 нәрсе			

2. Ақынның «Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер» деген бейнелі сөзіне әдеби эссе жаз.

6

Бағалау

1. Өлеңнен алған әсерің және ақын өмір сүрген кезең туралы ақынмен сырласып, хат жаз.
2. «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» өлеңіндегі тұлғалық қасиеттерді «Кешегі өткен ер Әбіш» өлеңіндегі кейіпкер бейнесімен салыстырып, екі өлеңнің ұлттық және тарихи құндылығына баға бер.

«Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» өлеңі	
Ұлттық құндылығы	Тарихи құндылығы
«Кешегі өткен ер Әбіш» өлеңі	
Ұлттық құндылығы	Тарихи құндылығы



Білгенге маржан

...Дәл осы өлең тұрғысынан, ашығырақ баяндасақ, бозбалалық кімде болмайды, бәрінің басынан өтеді. Әңгіме өткенінде емес, кім бұл кезеңді қалай өткізгенінде. Айтпаса да белгілі, қай буын бозбалалығын қалай өткізсе, оның келер күндері (салдары) солай болмақ, өмірі солай көмкеріліп, адамдығы солай өрбімек. Демек, кейін де ол сол кезеңнен дағдысында қалған жолымен жар құшып, бала тудырып, оны тәрбиелемек деген сөз.

Алайда өлеңде айтылған қателіктерді дер кезінде жазбаса, азаматтар уақытылы арылмаса, кемшілік ұрпақтар сабақтастығына ұласуы, ұлт одан жуық арада арыла алмауы мүмкін еді. Бұл дерттен біз бүгінде құлан таза арылып, адалана қойғанымыз шамалы.

...Шын мәнінде бұл өлеңнің әр екі жолы – бір афоризм. Расында да, ақын сөз жинақылығы, ой сонылығын өлең құнарына, ой қабаттары мен мазмұн күрделілігіне қалай адал қызмет еттіреді.

Оразбек Сапархан



Абайтану әліппесі

Перифраз – бір нәрсені не құбылысты, іс-әрекетті олардың бір белгісін, бір қасиетін көрсетіп, өз сөзімен суреттеп айту. Абайда перифраздардың жалпыхалықтық тілде қалыптасқандары да, өзі жасаған авторлық түрлері де бар. Мысалы, Абайда «өмір», «тіршілік» дегенге «сұм жалған», «сұм дүние» т.б. перифраздары кездеседі.

Абайдың сөз өрнегі



Жазып көр

Бозбала қандай болуы керек? Қыз бала қандай болуы керек? Пікіріңді кестеге толтыр. «Қызға қырық үйден тыйым» қағидасы қазір сақтала ма?

Бозбала қандай болуы керек?	Қыз бала қандай болуы керек?



Хакімнен үйрен

Сен күлкіні қалай бағалайсың? Ақын: «Уайым – ер қорғаны», – деген. Ал сенің қорғаның не?



Кітап – білім бұлағы

1. Асыллов Ұ. Абайды оқу әліппесі. – Алматы: Рауан, 1994.
2. Мұхамәдиев Д. Б. Абайтанушы. Монография. – Алматы: Evo Press, 2013.

ОН ТӨРТІНШІ ҚАРАСӨЗ

Меңгерілетін білім:

- тілдік бірліктердің семантикалық мәнін түсініп, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындау, образдық қызметін ашу;
- шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдау, мәтіндегі көркемдік қызметін анықтау;
- шығарма поэтикасындағы автордың айшықты қолтаңбасына баға беру.

Тірек сөздер

Жүрек
Жігер
Қайрат
Ақыл

Абай – «жүрек» сөзін көп қолданған ақын. Оның «Он төртінші қарасөзі» де «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма?» деп басталады. Расында да, жүрек – адамның тіршілігін білдіретін басты ағзалардың бірі. Қайтыс болған адам туралы «Жүрегінің соғуын тоқтатты» деп жатады.

Ақын «жүрек» сөзін тек батырлық, ержүректікпен байланыстыруды қолдамайды: «Рақымдылық, мейірбандылық, өртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді, демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтықта – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды», – дей келе, «Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады» деген байлауын айтады («амал» – бұл жерде қулық, айлакерлік мағынасында). Сол себепті ақын қазақтың жай «жүректісімен» келіспейді: «Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көн-

гіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау – ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры – әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз».

Ақынның пайымдауынша, қазақтың «жүректісі» о жар, қара күштің иесі болғандықтан, «ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады». Осы тұста әл-Фарабидің: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» дегені еске түседі.



Суретпен жұмыс

Жүрек таразысында не басым тұру керек? Өз пікіріңді дәлелде.



Абай қоғамдағы адамгершілік мәселесін көтерген. Ол: «Осы жұрттың көбінің айтып жүрген «мықты жігіт», «ер жігіт», «пысық жігіт» деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі – пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі «айда, батырлап!» қыздырып алатынына қынжылады. «...Әйтпесе Құдайға терістіктен не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?». Осылайша, ақын егер адамзат жүрегіндегі батылдық пен өжеттік, тіпті оқығанның өзі ар-ұятқа, мәдениетке бағынбаса, оны адам деуге бола ма дейді. Өйткені Абай өз заманында оқығанды да, наданды да, дананы да, жомартты да, сараңды да, бай, кедейді де көп көрген. Бұлардың қай-қайсысының да тек жүрек әміріне бағынып әрекет жасайтынына көзі әбден жеткен.

Зертте

Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, «Жүрек» сөзі кездесетін қарасөздерін жинақтап, мағынасын зертте.

Сөзмаржан

Асықтық – ғашықтық, құмарлық
Байлаулылық – табандылық

«Он төртінші қарасөз» алғаш рет ақынның 1933 жылы жарық көрген толық жинағында жарияланды.

1

Білу

1. Жүрек қандай қызмет атқарады?
2. Абайдың «Он төртінші қарасөзінде» не туралы айтылған?
3. Ақын жүрек туралы не айтады?

2

Түсіну

1. Ақын бұл қарасөзін не үшін жазған?
2. Не себепті «Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды»?
3. «Жүректі кісі» дегенді қалай түсінесің?

3

Қолдану

1. Тақырыпқа байланысты ойыңды «Түртіп алу кестесіне» жаз.

V – «білемін»	– «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! «мені таңғалдырады»

2. «Жүрек» сөзінің семантикалық мәнін түсініп, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындап, образдық қызметін аш.

«Жүрек» сөзінің семантикалық мәні	Мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметі	Образдық қызметі

4

Талдау

1. Қарасөздегі көркемдегіш құралдардың қолданысын талдап, мәтіндегі көркемдік қызметін анықта.

Көркемдегіш құралдар	Қызметі

2. Хрестоматиядан Зәки Ахметовтің «Абайдың ақындық өлемі» зерттеуін оқы. Автордың ақын туралы мына пікірін ұлттық мүдде тұрғысынан ашып, талда:

«Абай есімі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының қоғамның озық күштерінің өркениеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы».

5

Жинақтау

1. «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының» қолдауымен Қазақстан Президентінің телерадио кешені «Абайдың қарасөздері» кино жобасын түсіруде. Сен «Он төртінші қарасөз» бойынша қандай сценарий ұсынар едің?
2. Топтық жұмыс. «Он төртінші қарасөз» бойынша автор бейнесіне қатысты себептер мен дәлелдер тауып қорғаңдар.
1-топ: Автор – оптимист.
2-топ: Автор – реалист.
3-топ: Автор – патриот.
3. Өз жүрегінді қалай тәрбиелейсің? QR-cod-тағы материалды тыңда. Хакім өсиетін қалай жүзеге асырасың? «Адамдық – ақылда, сұлулық – жүректе» деген тақырыпта эссе жаз.



6

Бағалау

«Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады» деген ақын сөзіне баға бер.

Білгенге маржан

Абай шығармашылығы, Абай дәуірі, Абай ортасы ақын өмірден озған сәттен бастап, ой еңбегімен айналысқан қазақ оқығандарына рухани азық, ғылыми-зерттеуде бағыт болғаны белгілі. Алайда Абай болмысын қаншалықты терең зерделеген сайын, әлі де бізге беймәлім тұлғалық қырлары мен тағылымдық тұстары көрініс беруде. Әр заманның буыны хакім Абайға өзінше, жаңа көзқараспен қарары сөзсіз. Себебі тұлғатану бағытына әр тұлғаға қойылатын методологиялық ұстанымдар мен әдістер, көзқарастар замана лебіне қарай өзгеріске ұшырап отырады.

Еркін Рахметуллин



Абайтану әліппесі

Абай қарасөздерін арнайы зерттеген Х.Сүйіншәлиев оларды көркем прозаға жатқызбай, жай прозаға жатқызады да, «прозаның шағын алты түріне» топтайды.

Публицистикалық жанрда деп тапқандары – 1, 2, 3, 14, 24, 26, 29, 33, 41, 42-сөздері және «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген шығармасы. Қалғандары прозаның өсиет ғақлия, нақыл, тұспал сөз, кеңес, әңгіме, көркем проза элементтері бар түрлеріне жатады деп бөледі. Бірақ автор талдай келе: «Абай прозасында публицистика сарыны басым», – деп түйеді.

Абайдың сөз өрнегі



Жазып көр

Қарасөздегі автордың айшықты қолтаңбасы мен өзектілігіне баға бер.



Хакімнен үйрен

«Жомарт жүрек» – еліміздегі қайырымдылық саласындағы маңызды қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды анықтау, тану және көтермелеу үшін өткізілетін жыл сайынғы қайырымдылық сыйлығы. Осы қайырымдылық саласының жұмысымен толығырақ таныс. Сенің «жомарт жүрегің» оған қандай үлес қосқысы келеді? Өз жобаңды жаса.



Кітап – білім бұлағы

Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994.

Қандай өнерің бар? Оны қалай дамытасың?

ОТЫЗ ҮШІНШІ ҚАРАСӨЗ

Меңгерілетін білім:

- қарасөздердегі автордың түйінді ойын (түрлі нысанды: ментальді карта, сызба қолдана отырып) дәйектеу;
- шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, шығарма, әдеби эссе, блог, әңгіме жазу.

Тірек сөздер

Өнер
Еңбек ету
Талап

Абай 1895 жылы жазған «Отыз үшінші сөзінде» қолөнерді тілге тиек етеді.

«Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол» деп, қандай шаруаға болмасын икемі, бейімі бар кәсіпқой адамды әулие санайды. Абай заманында дүние-мүлік малмен өлшенгендіктен, «Егер де мал керек болса» деген сөзді «ақша керек болса» деп ұғыну керек. «Мал жұтайды, өнер жұтамайды» деген сөздің астарында үлкен мағына бар. Ата-бабадан қалған мал да, қаражат та, байлық та уақыт өте келе таусылуы мүмкін. Ал белгілі бір кәсіппен шұғылданып, өнер үйренген адам еш уақытта таршылық көрмейді.

Ақын осы қарасөзде қолөнер шеберлігіне зиян келтіріп, кері әсер ететін талапсыздық, еріншектік, тамыршылдық кеселдерді талдайды.

Суретпен жұмыс

«Әке көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер» деген қағидаға сәйкес мамандық таңдайсың ба? Әлде басқа бағыт ұстайсың ба?



Мәселен, хакім: «Әуелі – бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады» – деп, ең алдымен, талапсыздықты, бойкүйездікті сынайды.

«Екінші – ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады». Хакім азын-аулақ табысына мәз болып, жан-тәнімен беріліп жұмыс істемейтін, алға ұмтылмайтын, келешегін ойламайтын дүбәра, еріншек адамды сынайды.

«Бір-екі қара тапса» дегені – бірер сиыры болса деген сөз. Демек, азын-аулақ табысқа мастанбай, ерінбей еңбек етіп, кәсібін жетілдіріп, әрі қарай жандандыруды түсіндіреді.

«Үшінші – «дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым» немесе «ағеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде «маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп дандайсып, пайдасыз, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді». Бұл жерде Абай ешкімге қараспай, жеке өз пайдаңды ғана біл деп тұрған жоқ. Абай шеберді алаяқтан сақтандырып тұр. Мұнда шебердің мақтаншақтығынан гөрі алдаушының есіруі, іштей масаттануы одан да зиян болатындығын аңғартады. Өйткені «дүниенің қызығы – алдау» деп түйсінген алаяқ тағы да біреуге сол әрекетті жасауға тырысады. Сондықтан «пайдасыз алдауға» түспеу үшін Абай айтып кеткен ой кеселінен де, сөз кеселінен де келетін зиянды іске жоламау керек.

«Төртінші – тамыршылдау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып,

Сөзмаржан

Әулие – «уәли» – араб сөзінің көпше түрі, қазақша «қасиетті» деген мағынада. *Бұл жерде:* адал, рухани таза адам

Тамыршылдау – досшылдау, көпшілдеу (кекесін мағынасында)

Зертте

Абай осы сөзінде өнер арқылы табыс табу керектігін айтады. Интернеттен еліміздің атақты кәсіпкерлерінің кеңестерін тауып оқы. «Отыз үшінші қарасөзге» және аталмыш кәсіпкерлердің кеңестеріне сүйеніп, өзіңе жақын өнерді игеріп, қалай дамытатыныңды жоспарла.

«тамырым», «досым» десе, мен де керектінің бірі болып қалыпшын ғой деп және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті жетпесе, өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айырылып, «жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап, қарызға алады. Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп, соныменен табыс құралмай, борышы асып, дауға айналып, адамшылықтан айырылып, қор болып кетеді. Осы несі екен?». Ақын жұмысын істетіп алу үшін уақытша дос, тамыр болған әркімнің сөзіне сеніп, ғұмырының соңында қайыршылыққа душар болған өнер иесінің қор болған өмірін осылай суреттейді. «Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?», – деген сұрақты Абай тегін қойып тұрған жоқ. Қара-сөздің бүкіл мазмұнын осы сұраққа сыйдырып, адамды өмірге байыппен қарап, ойланып іс жасауға жетектеп отыр.

Қазақта «Өнерлі өрге жүзер» деген мақал бар. Міне, сол өнерді өмірінің соңына дейін ұстанып, өнерін арттырған адамды Абай әулиеге теңейді. Мейлі етікші, мейлі тігінші, мейлі аспаз, мейлі бапкер, мейлі емші болсын, сол айналысқан кәсібін жетілдіріп, заманға ілесе білген адам – Абай үшін әулие. Қандай да бір өнерді меңгеріп, қолынан іс келетін адам әруақытта қадірлі, көпшілікке керек. Әрі еш уақытта таршылық көрмейді, өйткені жан қалауымен тапқан өнері бар. Ал «өнер жұтамайды». Абайдың негізгі айтпақ ойы осыған саяды.

Десе де, Абайға тән сыншылдық көзқарасы мұнда да айқын көрінеді. Сынай отырып, сақтандырады. Сынай отырып, жол сілтейді.

1

Білу

1. Ақын қарасөзінде нені тілге тиек етті?
2. Абай «Отыз үшінші сөзінде» кімдерді сынаған?
3. Қандай нәрселер кәсіпке зияны тигізеді?
4. Автор үшін әулие кім?

2

Түсіну

1. Неліктен «Мал жұтайды, өнер жұтамайды»?
2. Абай қолөнершіні не себепті сынайды?
3. Неге тамыршыл болмау керек?
4. «Өнерлі өрге жүзер» дегенді қалай түсіндіресіз?

1. Қарасөз мазмұнына сүйеніп, кестені толтыр.

Кесел түрлері	Менің пікірім

2. <https://atameken.kz/kk/pages/39-missiya-palaty> сілтемесіндегі материалмен танысып, еліміздегі кәсіпкерлердің мүддесі мен құқықтары кәсіби түрде қорғалатындығы туралы презентация жаса.

1. Қарасөздің көркемдік-идеялық құндылығын талда.
2. Топтық жұмыс. «Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?» деген Абай сұрағын «Жолаушының қойын дәптері» әдісі бойынша өмір шындығымен байланысты талдаңдар.
 - 1) Қарасөзден сұраққа жауап беретін үзінділерді жазып алу.
 - 2) Осы үзінділердің түрлі кәсіптерге әсері төңірегінде топ ішінде талқылау.
 - 3) Өз әсерлерін жазу.
 - 4) Автор орындығында жазған пікірді оқу.

1. Жұптық жұмыс. Қарасөздегі автордың түйінді ойын (түрлі нысанды: ментальді карта, сызба қолдана отырып) дәйекте.
2. Қарасөздің көркемдік-идеялық құндылығы туралы шығарма, әдеби эссе, блог, әңгіменің бірін жаз.

1. Абай айтқан кеселдер қазіргі өмірде көрініс таба ма?
2. Қалай ойлайсың, өнер жұтамау үшін не істеу керек?



Білгенге маржан

Джордж Кеннан – патшалық Ресейде жер аударылған қайраткерлерді көзбен көріп, материал жинап, кітап жазбақ болған тәуелсіз журналист-жазушы. Ол 1864–1890 жылдары Ресейдің азиялық және сібірлік аймақтарына 4–5 рет саяхат жасайды. Осындай сапарының

бірінде Тюмень, Омбы, Новосибирск қалаларында болып, Семейге келеді. Одан Өскемен, Алтай, Шемонайха, Шыңғыстау, Марқакөл т.б. жерлерді аралап, қазақ ауылдарының тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен, салт-санасымен танысады. Ол Абаймен кездесуі туралы былай жазады: «Кешқұрым біз қалаға (Семейге) қайтып келдік те, Леонтьевтің үйіне бардық. Бұл үйге көптеген бейтаныс адам жиналған екен. Бәрі де жер ауған жандар. Леонтьевтің үйінде Спенсердің суреті ілулі тұрды. Басқа жиһаз жоқ. Қонақ саны он бес адам болды. Көңілді, қызықты, еркін әңгіме біздерді бір-бірімізге тез таныстырды. Менің кейбір сұрақтарыма жауап бере отырып, Леонтьев маған Семей қаласы кітапханасының қалай жұмыс істей бастағанын, кітапхананың жер аударылып келген мұндықтарға ғана уаныш емес екенін, қала халқының да ой-өрісін кеңейтерлік рухани азығына айналғанын айтып өтті. Леонтьев: «Мен Ибраһим Құнанбаев деген қарт қазақты білемін. Ол – кітапхананың байырғы оқырманы. Тіпті, ол Милль, Бокль, Дрэпер сынды авторларды оқиды», – деді».

Тұрсын Жұртбай



Абайтану әліппесі

Ирония – сөзді тура мағынасында айтылғандай қолдана отырып, оған қарама-қайшы мағына беру, ойды жеңіл әзіл-қалжыңмен, зілсіз кекесінмен керісінше айту. Ирония – тек тілдік құбылыс қана емес, ол белгілі бір дәрежеде ділмен, ұлттық характермен, даралық темпераментпен және басқа факторларға да байланысты болады. Иронияның сипаты автордың жеке тұлғасына, оның әлеуметтік мәртебесіне, эстетикалық көзқарасына, этикалық түсініктеріне тәуелді болады.

Абайдың қарасөздерінің идеялық-мазмұндық сипаты оның өлеңдерімен сабақтас. Ақын өлеңдерінде көтерген мәселелерді оқырманына мейлінше ұғынықты ету мақсатын көздеген. Сол себепті ақын қарасөздеріндегі ирония дүниетанымдық қызмет атқарады.

<https://emirsaba.org/>



Жазып көр

Қарасөздегі иронияны тауып, ойынды дәлелдеп жаз.



Кітап – білім бұлағы

Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011.

ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ ҚАРАСӨЗ

Меңгерілетін білім:

- көркем мәтінді жалпы-адамзаттық құндылық тұрғысынан бағалап, әдеби эссе жазу;
- көркем мәтіннен дәйектер келтіре отырып, образдардың тұлғалық ерекшеліктерін жазу, тұжырып айту.

Тірек сөздер

*Ел қатарына кіру
Намысқойлық
Арлылық
Табандылық*

Абай «Отыз тоғызыншы қарасөзін» 1897 жылы жазған. Ақын ата-бабаларымыздың және жаңа заман өкілдерінің мінезін сипаттаған.

«Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық. Осы күнгілер өзге мінезге осы өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік. Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, шайтандыққа тартып барады.

Суретпен жұмыс

Суретте қандай дәстүр бейнеленген? Оны QR-cod арқылы берілген мәтінмен байланыстырып, пікіріңді білдір.



Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді. Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы мен топ басылары қалай қаласа, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүргізбек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болса, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің», – деп мақал айтып, тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегеніңді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді? Екінші мінезі – намысқорлық екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. «Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады» деп, «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді» деп, «Ағайынның азары болса да, безері болмайды», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десіп, «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар» десіп. Кәнеки, енді осы екі мінез қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылдық». Ақын әрі қарай: «Ендігілердің достығы – пейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық», – деп пәлсафалық ой түйеді. Мұнда қазақтың ежелден бойына сіңген екі түрлі мінезінің жоғалып кеткеніне қынжылады. Оның бірі – «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой» деген нақыл сөздегідей жасы кіші болса да, ақылы асқан адамды құрметтеп, сөзін тыңдауы, айтқан уәжіне бас июі, мойындауы; екіншісі – арлылық, намыстылық, табандылық. «Аттың жалында, түйенің қомында» өскен қазақтың «Ат аталып, аруақ шақырылған жерде» ағайын арасындағы өкпе, араздыққа қарамай, бір кісідей жанын салуы, жұмған жұдырықтай болып, намыс үшін жинала



Сөзмаржан

Пейіл – ниет, ықылас, көңіл

Кейіс – реніш, күйініш, қапа



Зертте

Абай заманына дейін халқымыздың тарихта аты қалған қандай ел басы, топ басылары болған?

қалуы». Абай ендігілердің достығына секемдене қарайды: «Ол – шын пейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес не күндестік, не тыныш отыра алмағандық», – дейді.

1

Білу

1. «Отыз тоғызыншы қарасөзде» не туралы айтылған?
2. Қазақ халқының қандай қасиеттері ақынға ұнайды?

2

Түсіну

1. Абайдың өмір сүрген кезеңінде қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдайлар қандай еді? Не себепті?
2. Неліктен ақын бұрынғы ата-бабаларымыздың жақсы мінезін аңсайды?

3

Қолдану

1. **Топтық жұмыс.** «Топтық тергеу» әдісі бойынша топтарға бөлініп, жұмыс істеңдер.
 - 1) «Баяндап берушілер» тобы – қарасөздің мазмұнын баяндайды.
 - 2) «Зерттеушілер» тобы – қарасөздегі негізгі ойды зерттейді.
 - 3) «Сұрақ құрастырушылар» тобы – кейіпкерлердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар дайындайды.
 - 4) «Жазушылар» тобы – «Ата-баба дәстүрі» тақырыбына шағын эссе жазады.
 - 5) «Дәнекершілер» тобы – қарасөздегі айтылған кісі мінезін бүгінгі күнмен байланыстырады.
2. **Жұптық жұмыс.** «Түсіндірме күнделікті» толтырыңдар.

Шығарманың жанры мен тақырыбы	Түйіні	Оқушы пікірі

3. <https://egemen.kz/article/244790-qasym-zhomart-toqaev-abay-%E2%80%93-rukhani-reformator> сілтемесіндегі материалмен таныс. Бүгінгі тақырыппен байланыстырып, жоба жаса.

4

Талдау

Қарасөздегі 3 негізгі ойды талдап, кестені толтыр. Қарасөзден дәйектер келтіре отырып, образдардың тұлғалық ерекшеліктерін тұжырып айт.

Адам қандай болуы тиіс?	Бұрынғының адамдары қандай еді?	Абай замандастарының кемшілігі

5

Жинақтау

1. Топтық жұмыс. «Соңғы сөзді мен айтайын» әдісі бойынша қарасөздегі автор идеясын өмір шындығымен байланыстырып көрсетіңдер.
2. Қарасөзді жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан бағалап, әдеби эссе жаз.
3. «SWOT-талдау» әдісімен ата-баба мінездерін сипаттап, кестеге толтырып, қорытындыла.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктер	Қауіптер

6

Бағалау

Хакім дәл қазір ортамызда болса, адамдардың мінез-құлқына қандай баға беруі мүмкін еді?



Білгенге маржан

Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін, өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол – сөз жанры. Ақынның қарасөздері – нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан. Көптеген философтар ойларын формаға бағындырып немесе жүйе құрып әуре болғанын білеміз. Абай болса, ондай істермен айналыспаған, өзінің айтқысы келген ойларын еркін білдірген. Абай ашқан «сөз» жанры, өкінішке орай, қазақ мәдениетінде өріс алмады. Сірә,

оған кінәлі, Шәкәрім тілімен айтсақ, «нақтылы ойдың» заманы болса керек. Адам өз ойындағысын айтқаны үшін кінәлі болған заманда, әрине, сөз жанрының өрістеуі, Абай дәстүрін жалғастыруы мүмкін емес еді. Абай дәстүрі, яғни сөз жанры бүгінде жаңғырып, жалғасуы керек, оған алғышарт бар. Қазіргі плюрализм деп жүргеніміз – кезінде Абай қолданған ойлау тәсілі.

Ғариғолла Есім



Абайтану әліппесі

Дидактикалық әдебиет – әдеби жанр. Ғылыми, философиялық, моральдық, діни идеяларды және уағыз, ғибратты ойларды білдіретін шығармалар. Онда көркем сурет пен бейнелеуден гөрі байлам, пікір, тұжырым, өсиет, уағыз, насихат басым болады. Дидактикалық көркем сөзде мақал-мәтелдің, ақыл-нақылдардың, ертегі-эпостың әсері күшті. Қазақ әдебиетінде Абайдың қарасөздері мен поэмалары – шығыстық дидактикалық шығармалардың дәстүрлі жалғасы.

«Абай» энциклопедиясы



Жазып көр

«Отыз тоғызыншы қарасөз» қандай бағыттағы туынды? Пікіріңді дәлелмен жаз.



Хакімнен үйрен

«Ата-баба дәстүрі – әдептіліктің белгісі» деген пікірмен келісесің бе? Сен қандай дәстүрді құрмет тұтасың?



Кітап – білім бұлағы

Советханқызы Р. Абайдың қарасөздері – білім мен тәрбиенің қайнар бұлағы // Ел. № 40.

Міне, сен «Жастықтың оты, қайдасың» деп аталатын екінші тарауды аяқтадың.

Не білдің? Не үйрендің? Көне, өзінді сынап көр.

ӨЗІңДІ ТЕКСЕР!

Қайталау тапсырмалары

1

Білу

1. Абай қарасөздерін қай жылдар аралығында жазды?
2. Ақынның жалпы қарасөздерді жазудағы мақсаты не?
3. Қазақ әдебиетінде оның дәстүрімен қарасөз жазған қаламгер бар ма?

2

Түсіну

1. Ұстаз өнер адамдарын қандай кедергілерден сақтандырады? Не себепті?
2. Абай неге жастарға үлкен талап қояды?
3. Ақынның «жұрттықтан кетіп барамыз, шайтандыққа салына бастадық» деген сөзі қай қарасөзден алынды? Автор оны неліктен жазды?

3

Қолдану

1. «Екіжақты түсіндірме күнделікті» толтыр.

«Он төртінші қарасөздегі» қатты әсер еткен тұстар	Осы үзінділер жайлы пікірің
«Отыз үшінші қарасөздегі» қатты әсер еткен тұстар	Осы үзінділер жайлы пікірің
«Отыз тоғызыншы қарасөздегі» қатты әсер еткен тұстар	Осы үзінділер жайлы пікірің

2. Жұптық жұмыс. Тарау бойынша Абай шығармаларындағы «жүрек», «бозбала» сөздерінің дербес және мәнмәтіндегі қызметін түсіндіріп жазыңдар.

«Жүрек» сөзінің дербес мәні	«Бозбала» сөзінің дербес мәні
«Жүрек» сөзінің мәнмәтіндегі қызметі	«Бозбала» сөзінің мәнмәтіндегі қызметі

4

Талдау

Топтық жұмыс. «Тыңдайтын үшбұрыштар» әдісімен үш адамнан (спикер, сұхбат алушы, хатшы) тұратын шағын топтарда жұмыс істеңдер. Спикер мұғалімнің нұсқаулығы бойынша «Жастықтың оты, қайдасың» тарауындағы шығармалардың тарихи және көркемдік құндылығы туралы өз ойымен бөліседі. Сұхбат алушы мұқият тыңдайды және егжей-тегжейін анықтау үшін сұрақтар қояды. Хатшы оларды бақылайды және спикерге де, сұхбат алушыға да кері байланыс береді.

Жастықта бір күлгенің – бір қаралық,

Күлкі баққан бір көрер бишаралық.

Әуелі өнер ізделік қолдан келсе,

Ең болмаса, еңбекпен мал табалық, –

деген өлең жолдары арқылы қорытындылай отырып, негізгі тұжырымға аннотация жазыңдар.

5

Жинақтау

Адам өміріндегі жастық шақтың қадірін жете түсініп, қадірлі уақытты пайдалы іске, еңбекке жұмсау жөніндегі Абай тағылымын тану, тұлғалық қасиеттерді дамытып, ынтымақ, бірлікке жұмылдыру жөніндегі ойыңды түйіндеп, аргументті эссе жаз.

6

Бағалау

Автордың осы тараудағы негізгі ойын қазіргі кезеңмен салыстыра бағала.

Сәйкестігі қандай?

Айырмашылығы бар ма?

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері

1. Өлеңді мұқият оқып, төмендегі тапсырмаларды орында.

Жастықтың оты, қайдасың,
Жүректі түртіп қозғамай?
Ғылымның біліп пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай?

- 1) Үзінді идеясы не туралы?
 - A) Ғылым туралы
 - B) Жүрек туралы
 - C) Жастық туралы
 - D) Ақын туралы
- 2) Ауыспалы мағынада тұрмаған өлең жолын тап:
 - A) Жастықтың оты, қайдасың,
 - B) Жүректі түртіп қозғамай?
 - C) Ғылымның біліп пайдасын,
 - D) Дүниенің көркін болжамай?

2. Өлеңді оқып, тапсырмаларды орында.

Жастықта бір күлгенің – бір қаралық,
Күлкі баққан бір көрер бишаралық.
Әуелі өнер ізделік қолдан келсе,
Ең болмаса, еңбекпен мал табалық.

- 1) Үзінді идеясына сай мақал-мәтелді тап.
 - A) Өнерлінің қолы алтын.
 - B) Бала күлкіге тоймас,
Болбыр ұйқыға тоймас.
 - C) Күлкі – ашылған гүл.
 - D) Көңілдіге күн ашық.
- 2) «Бір қаралық» сөзінің мағынасы:
 - A) Түсі қара
 - B) Қарау етістігі
 - C) Қымбат
 - D) Қалың мал

3. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орында.

Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көн-гіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын

бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау – ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры – әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз.

- 1) «Қазақтың жүректісі» қандай?
 - A) Көштің соңынан ергіш
 - B) Адамдар көппен бірге
 - C) Уағдада тұрғыш
 - D) Ақылды мойындамаған
- 2) Мәтінге сүйеніп, «қоян жүректің» сипаттамасын жаз.

4. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орында.

...Үшінші – «дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым» немесе «ағеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде «маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп дандайсып, пайдасыз, құ тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді.

- 1) Үзінді идеясы не туралы?
 - A) Аңғал адам туралы
 - B) Дарқан адам туралы
 - C) Өнерпаз туралы
 - D) Аға туралы
- 2) Үзінді идеясын танытып тұрған көркемдік тәсіл:
 - A) Ирония
 - B) Сарказм
 - C) Сатира
 - D) Кейіптеу
- 3) Мәтін қандай үлгіде жазылған?
 - A) Баяндау
 - B) Кеңес
 - C) Естелік
 - D) Өсиет
- 4) Мәтінде айтылмаған сөзді белгіле:
 - A) Өнерлісің
 - B) Дархансың
 - C) Шеберсің
 - D) Шырағым

III ТАРАУ

БІРІҢДІ, ҚАЗАҚ, БІРІҢ ДОС, КӨРМЕСЕҢ, ІСТІҢ БӘРІ БОС

Досым, сен осы тарауда:

- адам мінезіндегі түрлі қасиеттердің жамандығы мен жақсылығын ой таразысына түсіруді;
- адамшылық болмыс арқылы таным-түсінігін кеңейтуді үйренесің.

Ақын Дүтбайға неге өлең арнаған? Ол кім болған екен?

«ДҮТБАЙҒА» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- тілдік бірліктердің семантикалық мәнін түсініп, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындау, образдық қызметін ашу;
- шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын жинақтау;
- шығарма поэтикасындағы автордың айшықты қолтаңбасына баға беру.

Тірек сөздер

*Екіжүзділік
Жемқорлық*

Зертте

«Абай жолы» роман-эпопеясынан Абайдың Дүтбай сияқты болыстармен қақтығысы туралы мәтіндер жинақтап, тақырыппен байланысты баянда.

Сөзмаржан

Құйтың ету – құйтыңдау, құйтың қағу
Түксігін салу – ызбарлану, жаратпаған пішін көрсету

Дөң айналмау – көпке бармау, ұзамау

Абай 13 жасынан бастап, әкесіне көмекші болды. Ал 21 жасында болыс болып сайланды. Осы кезде ол болыстардың көбінің парақор, әділетсіз екеніне көзі жетті, өйткені олар болыстыққа, ел басқаруға байлығының арқасында сайланған. Ондай болыстар ауқаттылардың, ұрылардың, барымташылардың сөзін сөйлеп, әлсіздерге күш көрсеткен. Соның кесірінен елді жемқорлық жайлап, қоғамдық дертке ұласты. Абай өз шығармаларында осындай екіжүзді болыстарды ащы тілмен аямай сынаған. Ақын

Суретпен жұмыс

Суретте кімдер бейнеленген? QR-cod-тағы өлеңді тыңдап, кейіпкер портретін жаз.



әділетсіздікпен әлі жеткенше күресіп, ұры-қарыларды аяусыз жазалады.

«Дүтбайға» өлеңі де осындай парақор болған болыс Дүтбай Уандықұлына арналып, 1899 жылы жазылған. Дүтбайдың екі-жүзділігін, мың құбылуын былайша суреттейді:

Жылуы жоқ бойының,
Жылмиғаны неткені?
Құбылуы ойының –
Кетпей құйтың еткені.

Нағыз болыс халықтың қамын жеп, жағдайын жасауға ұмтылады. Алайда ақынның кейіпкері жұрттың алдында біресе мұңды, біресе көңілді болып, түрлі күйге түседі.

Мұңды, жылмаң пішінін
Кезек киіп, ел жиып,
Болыс болса, түсінің
Түксігін салар тырсыып.

Әдетте, ел басқаруға өмірде көрген-түйгені мол, байсалды, ақылды жандар ұсынылады. Дүтбай сияқтыларға мұндай асыл қасиеттер жат. Олар өздеріне керек кезде көлгірсіп, «бір көрмеге» ғана жақсы бола қалады: қазан астырып, сенен ештеңе аямай, асты-үстіңе түсіп күтіп, қалбаңдайды. Бір «дөң айналмай» жатып, артыңнан бықсыған сөз айтады:

Бір көрмеге тәп-тәтті
Қазаны мен қалбаңы.
Дөң айналмай, ант атты,
Бүксіп, бықсып ар жағы.

Сенен аяр түгі жоқ,
Бүгін сыйлас көрініп,
Бүгін жалын, ертең шоқ,
Сөзі мен өзі бөлініп.

Қазаққа тән жақсы қасиеттердің бірі – айтқан уәдесінде тұру, екі сөйлемге еді. Ақын заманындағы ел ағасы болып жүргендердің ар-ұятты белден басқан, «жын сықылды бұзылған», «тұрлауы жоқ құбылған» қылықтарын дертке теңеген.

Әлі үміт, әлі серт,
Жын сықылды бұзылып.
Қулық емес, бұл – бір дерт,
Тұрлауы жоқ құбылып.

Бұл дерт – тек болыстардың ғана емес, қоғамның да дерті. Ақын осындай жандардың психологиялық портретін жасай отырып, қатты сынайды. Ғалым З.Ахметов: «Ақын сөз болып отырған адамды нақты сипаттау, қимыл-қозғалыс, іс-әрекеттерін бейнелеу арқылы кейіпкердің тұрақсыздығын, екіжүзділігін ашып көрсетеді», – деп баға береді.

1

Білу

1. Өлең қашан жазылды?
2. Кімге арналған?
3. Өлеңнің басты идеясы қандай?
4. Психологиялық портрет деген не?

2

Түсіну

1. Не себепті ақын осындай өлең жазған?
2. Неліктен автор Дүтбайдың психологиялық портретін кекесінмен жасаған?
3. Неге болыстың жылуы жоқ?
4. «Дөң айналмай, ант атты» деп ақын не үшін айтады?

3

Қолдану

1. Жұптық жұмыс. Өлеңде Дүтбай бейнесін ашуда ақын қолданған тілдік бірліктердің арасындағы байланысты анықтаңдар.
2. Өлеңде көрініс тапқан замана шындығын бөліктерге бөліп, кестеге толтыр.

4

Талдау

1. Топтық жұмыс. Өлеңде қолданылған тілдік бірліктердің семантикалық мәнін түсініп, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін талдап, образдық қызметін ашыңдар.
2. Өлеңнің композициялық құрылымына талдау жасап, негізгі тұжырымды жүйеле.

5

Жинақтау

1. «Төрт сөйлем» тәсілімен кейіпкер бейнесін аш.

- Пікір. Өлеңдегі кейіпкер туралы өз пікіріңді жаз.
Дәлел. Өз ойыңды аргументпен дәлелде.
Мысал. Пікірді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
Қорытынды. Өзіндік қорытынды шығар.
2. Өлеңдегі әлеуметтік мәселе туралы әдеби эссе жаз.
 3. Кейіпкер образын ашатын жағымсыз қасиеттерді сипатта.

6

Бағалау

1. Ел басқарушының бойындағы сорақы қасиеттер адам өмірінде қандай рөл атқарады?
2. Шығарма поэтикасындағы автордың айшықты қолтаңбасына баға бер.



Білгенге маржан

Дүтбай Уандықұлы (1850–1915) Тобықты ішіндегі Көкше руынан шыққан. Ақын өз заманындағы айлакер де жемқор ел пысықтарының ортақ бейнесін жасаған. Дүтбай әуелі Абайдың қызы Күлбаданды інісі Дүйсекеге алып береді де, Дүйсеке қайтыс болған соң, Күлбаданға әмеңгерлік жолмен өзі үйленеді. Күлбаданнан Дүтбайдың: Мүкен, Мұхтар, Мүштар, Мәкен, Қадиша деген балалары туған. Дүтбай Мұқыр болысына бірнеше рет болыс болып сайланған. Дүтбай туралы Абайдың Семейдегі әдеби-мемориалдық музейінде сақталған мәліметтер ішінде оның ақынмен сөз қақтығыстары да сақтаулы.

«Абай» энциклопедиясы



Абайтану әліппесі

Психологиялық портрет – көркем әдебиеттегі кейіпкерлердің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, сана-сезімін, ой-өрісін суреттеу.

Қазақ әдебиеті. Анықтамалық



Жазып көр

Ақынның «Дүтбайға» өлеңіндегі кейіпкердің ішкі айласын, құбылмалы мінез-құлқын, қимыл-әрекетін толық бейнелеп шыққанына мысалдар келтір.



Кітап – білім бұлағы

Ғабдуллин Н. Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1986.

«МЕН БОЛАМЫН ДЕМЕҢДЕР» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- шығармадағы өзекті ойды анықтау, сөз образдарының идеяны берудегі қызметін ашу;
- көркем шығармадағы образ сомдаушы бірліктерді жинақтау.

Тірек сөздер

Менмендік
Қуыс кеуде

Абай бар-жоғы екі-ақ шумақтан тұратын «Мен боламын демендер» өлеңіне көп мағынаны сыйғызған. Байлыққа, билікке ие болғандардың дандайсып, еліріп кететіндіктерін сынаған. Басқа жұртты өзінен төмен санап, менменсіп, менсінбегендерге ақын сатиралық өлеңдерімен қарсы тұрады. Өйткені халық «Ұлық болсаң, кішік бол» деген қағиданы ұстанған. Қара қылды қақ жарған әділ билікке ғана мойынсұнған.

Мен боламын демендер,
Аяқты алшаң басқанға.
Екі көзің аларып,
Құр қарайсың аспанға.

Суретпен жұмыс

QR-cod-тағы мәтінді тыңдап, оны суретпен байланыстырып, пікіріңді айт.



Зертте

Қосымша әдебиеттерден Абайдың қандай болыс болғандығы туралы мәлімет іздеп, оның портретін жаса.

Уақытша болса да, қолдағы билікті пайдаланып, халыққа тізесін батырғандар – ғылымнан, мәдениеттен ада, қуыс кеуде жандар. Олар тек жең ұшынан жалғасып, тезірек байып, жұртқа үстемдік жасауды ғана мақсат етеді.

Бір ғылымнан басқаның,
Бәрі де кесел асқанға.
Өйткен адам жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға.

Сөзмаржан

Аяқты алшаң басу – кеуде көтеру, кердеңдеу
Тосқан – бөгет, кедергі

Алайда адам қандай жағдайда да пенделікке салынбай, кісілік қасиеттерін жоғалтпауы тиіс. Өйткені «Мың асқанға бір тосқан». Істеген жақсылығы да, жамандығы да алдынан шығуы заңдылық екенін ешкім де ұмытпауы керек.

1

Білу

Қандай адам аяғын алшаң басып жүреді?

2

Түсіну

1. Ақын идеяны ашуда қандай сөз образдарын пайдаланған?
2. Неліктен ақын ғылымнан басқа жолдың бәрін кесел дейді?

3

Қолдану

1. Өлеңді мұқият оқып, ондағы өзекті ойды анықта.
2. «Түсін мені» әдісі бойынша өлеңдегі астарлы ойды анықтайтын сөздерді дәптерге жазып, ақынның кімнің бейнесін бергенін жұмбақпен көрсет.

4

Талдау

1. Топтық жұмыс. Өлеңдегі сөз образдарының идеяны ашудағы қызметін көрсетіп, жағымсыз кейіпкердің бейнесін топтастырыңдар.
2. Шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстыр.

5

Жинақтау

1. Өлеңдегі негізгі шешімді тірек сызба арқылы түйінде.
2. Өлеңдегі образ сомдаушы бірліктерді жинақтап, «Класс-тер» әдісімен білімді, елін ойлаған азамат туралы тұжырымды ойыңды қорытындыла.

6

Бағалау

Бүгінгі күні ақын ойлары өзекті ме? Ойыңды жазбаша білдір.



Білгенге маржан

Абайтанушы Қ.Мұхаметханов пен Ө.Ысқақұлы 1940 жылы «Мен боламын демеңдер» өлеңін Көкбайдың баласы Ахметқалидан жазып алған. Алғаш рет ақынның 1945 жылы жарық көрген толық жинағында жарияланды. Басылымдарында өзгерістер көздеспейді.

«Абай» энциклопедиясы



Абайтану әліппесі

Сатира – өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі. Абай сатирасының екінші саласына жататын бұл өлеңдерде сатиралық портреттік суреттемелер басым.

«Абай» энциклопедиясы



Жазып көр

Ақынға еліктеп, БАҚ беттерінде сыналып жүрген әкімдердің бейнесін сипаттап жаз.



Хакімнен үйрен

Тақырыптан қандай тәлім алдың? Оны өз өміріңде қалай қолданысың?



Кітап – білім бұлағы

Ысқақов Ө. Абайдың өмір жолы // Жүрегімнің түбіне терең бойла. – Алматы: Жазушы, 1995.

ТӨРТІНШІ ҚАРАСӨЗ

Меңгерілетін білім:

- көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (оқырмандық ұстанымын білдіре) оқу;
- көркем шығармадағы автордың суреттеу тілін талдау, өзіндік ерекшеліктерін айқындау;
- шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, шығарма, әдеби эссе, блог, әңгіме жазу;

Тірек сөздер

*Жинақылық
Жақсылық
Еңбек ету*

Ертеңін, болашағын ойлаған жан тіршілік жасап, бала-шағасын өз еңбегімен асырайды. Абай осындай адамдарды үлгі етіп, «Төртінші қарасөзінде» бейқам, салғырт жүргендерді сынайды. «Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек. Әрбір жинақылықтың түбі көніш болса керек». Ақынның уайым-қайғы дегені – сары уайымға салыну емес, келешегін ойлау дегенді айтпақ болғаны, қазіргі тілге аударсақ, маркетингілік стратегия – кәсіпті дамытудың бас жоспары.

Хакім: «Енді олай болғанда, үнемі уайым-қайғыменен жүре аламыз ба? Үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен? Жоқ, мен үнемі уайым-қайғыменен

бол демеймін. Уайым-қайғысыздығыңа уайым-қайғы қыл дағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды харекет табу керек һәм қылу керек. Әрбір орынды харекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды харекетпен азайт!», – деп, өзіне кәсіп тауып, әрекет жасауды уағыздайды. Дегенмен ол: «Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ, ол өзі де – бір антұрғандық», – деп, орынсыз күйзеліске түсіп кетпеуден де сақтандырады.

Жаман қылықтан қалай жиренуді де үйретеді: «Және әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рахаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкі – ол өзі де қайғы. Ондай күлкіге үнемі өзің де салынбассың, әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күлсең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп күл». Осылайша жақсы адаммен бірге қуана біл, ол адамнан ғибрат – үлгі ал дейді. «Әрбір ғибрат алмақтың өзі де мастыққа жібермей, уақытымен тоқтатады».



Суретпен жұмыс

QR-cod-тағы мәтінді тыңдап, суретпен байланыстыр. Бүгінгі Абай ұрпағы қандай дәрежеге жетті? Пікіріңді айт.



Зертте

Қосымша дереккөздерді пайдаланып, «Күлкіден қорыққан – шындықты сүймейді» тақырыбында презентация дайында.

Сөзмаржан

Кәніш (парсыша гәнж) – кеніш, қазына, байлық

Харекет – әрекет, қозғалыс

Ғафил – хабарсыз, бейқам, ғапіл

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген өлеңімен күлкінің рөлін көрсеткен ақын осы қарасөзінде де күлкінің өзін жіктейді. «Көп күлкінің бәрін де мақтағаным жоқ, оның ішінде бір күлкі бар-ау, Құдай жаратқан орныменен іштен, көкіректен, жүректен келмейді, қолдан жасап, сыртыменен бет-аузын түзеп, бай-бай күлкінің әнін сәндеп, әдемішілік үшін күлетін бояма күлкі».

Сөзінің соңын өнерлінің, еңбекқордың еңбегін мадақтап, жалқаулыққа қарсы қоюмен аяқтайды: «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі Құдайға сиынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды».

Өнерсізді адамдарға телміріп, көзін сүзіп, сүйек дәмеп жүрген итке теңеу – ақынның жан айқайы, қатты ашынуы.

«Төртінші қарасөз» алғаш рет ақынның 1933 жылы жарық көрген толық жинағында жарияланды.

1

Білу

1. «Төртінші қарасөз» алғаш рет қашан жарияланды?
2. Ақын пайымдауындағы уайым-қайғы деген не?
3. Қарасөзде күлкінің қандай түрлері айтылады?

2

Түсіну

1. Не себепті ақын адамға уайым-қайғы керек дейді?
2. Неліктен ақын харекетке мән береді?
3. Ақын шығармаларында «ызалы күлкі» туралы неге жиі айтады?

3

Қолдану

1. Қарасөзді пайымдап, оқырмандық ұстанымын білдіре мөнерлеп оқы.
2. Қарасөздегі күлкінің түрлерін жүйеле.

4

Талдау

1. Автордың қарасөздегі суреттеу тілін талдап, өзіндік ерекшеліктерін айқында.
2. Жұптық жұмыс. «Құлық саумақ», «адам саумақ» сөз тіркестеріндегі «сауу» сөзінің қолданысын талдаңдар.

5

Жинақтау

1. Қарасөздің мазмұны бойынша кестені толтыр.

Қарасөзден қандай қоғамдық әлеуметтік мәселелерді байқадым?	Оны қандай мысалдармен дәлелдей аламын?

2. Топтық жұмыс. Қарасөздің көркемдік-идеялық құндылығын анықтап, «Топпен жазу» әдісімен «Уайымы жоқтық аздырар адам баласын» тақырыбында әдеби эссе жазыңдар.

3 топқа бөлінгеннен кейін топтардағы әрбір 1-бала мәтін идеясы бойынша тақырыптық сөйлемді, 2-бала не талқылайтынын жазады, 3-бала дәлел келтіреді, 4-бала қорытып, барлығын байланыстырады. Соңынан топтар өз эсселерімен бөлісіп, дауыстап оқып шығады.

6

Бағалау

1. Ақынның «Төртінші қарасөзде» көтерген мәселесі бүгінгі күні өзекті ме?
2. Жазушы Әбіш Кекілбаевтың: «Күлкі – шабуын білмесең, өз тірсегіңді өзің қиып түсіретін наркескен қылыш сияқты қатерлі қару», – дегенін бүгінгі тақырыппен байланысты бағала.



Білгенге маржан

Абай қандай болсын, адал еңбек етуді қолдаған. Бір кәсіпті бастау үшін алдымен идея керек.

Идея ойлап табу – табысты бизнесті құрудағы алғашқы қадам, бұл – жаңа идеяларды құру процесі, жаңашылдық (білім беру, қалыптастыру, шығармалар, туындылар, жобалар, өнімдер). Ең қызықты, ең тартымды кезең – идеяны ойлап табу кезеңі. Бұл кезеңде адам қиялына еркіндік беріп, ойындағы кез келген идеяларды шығарып, жаза алады.

Идеяларды көбірек ойлап табуыңыз керек және олар күлкілі болуы мүмкін. Идеяның ақылға қонымсыздығынан қорықпау керек, өйткені көп нәрселер бір кездері ақылға қонымсыз болып көрінген.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқулығынан



Абайтану әліппесі

Монолог – сөз өнерінде кейіпкердің ішкі жай-күйін, толғаныс-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылатын тәсіл.

Монологтің ерекшелігі – бір адамның ойы, сөзі көрініс табуында. Сахналық монологте кейіпкер өзімен-өзі сырласқандай болып, тыңдаушы көрерменнен жауап күтпейді. Монологте кейіпкердің ой-тұжырымдары айтылып, оның жай-күйі айқын аңғарылады. Мәтінде монолог диалог үлгісінде де, диалогпен араласып та келе береді.

Абай кейде екі адамды не адам мүшелерін сөйлестіріп, кеңестіреді. Кейде өзі әңгіме-дүкен құрып, тыңдаушысымен не өзімен-өзі кеңесіп отырады. Біреуге сұрау қойып, жауап күтеді, не өзі екінші кісінің рөлінде толғанады. Жауабы өзінен-өзі белгілі сұрақтар қояды.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

«Төртінші қарасөздегі» монолог қандай үлігімен жазылған? Жауабыңды мысалмен дәлелдеп жаз.



Хакімнен үйрен

Өзің болашақта немен айналысқың келеді? Осы қарасөзді болашағың үшін қалай пайдаланар едің?



Кітап – білім бұлағы

Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011.

Бірлік не үшін қажет? Масылдық деген не?

АЛТЫНШЫ ҚАРАСӨЗ

Меңгерілетін білім:

- шығармадағы көркем-дегіш құралдардың қолданысын талдау, мәтіндегі көркемдік қызметін анықтау;
- шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, шығарма, әдеби эссе жазу.

Тірек сөздер

Бірлік
Ырыс

Зертте

Абай тағы қандай мақал-мәтелдерді сынады? Не себепті?

Сөзмаржан

Ант ұру – сөзінде тұрмау
Залал – зиян, кесел
Бұлдау – міндет қылу, бөлсінү

Абай өнермен айналысуды көп насихаттайды. Өзі әншілерді, музыканттарды тағы да басқа өнерге бейім талантты жан-дарды жанында ұстаған.

Бірақ өнерге қалай келу керек? Ол да бір маңызды мәселе.

Ақын «Алтыншы қарасөзінде» қазақтың бір мақалын сынайды: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік». Өйткені осы мақалдың мағынасын түсінген жан бар ма? «Бірлік қандай елде болады, қайтсе – тату болады – білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай, мал іздеп не керек?» Мәселен, ағайынның ішінен шыққан бір өнерлі барлығын асырауға тиіс емес. Әйтпесе масылдар, жалқаулар көбейеді. Алдыңғы «Төртінші сөзде» айтылған «адам саумақ – өнерсіз иттің ісі» деген ой мұнда жалғасын табады.

«Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып, бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы – осы. Ағайын алмай, бірлік қылса керек, сонда өркім несібесін Құдайдан тілейді, әйтпесе Құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі бірінен-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?». Иә, бұл – бірлік емес, біреудің еңбегін қанау болады.

Ақынның осы ойлары – қазіргі замандағы отбасылық немесе кез келген басқа да бизнес ұйымдастырушыларға қажетті кеңестер. Кәсіпкер алдымен команда құрып, міндеттерді қызметкерлердің арасында бөліп береді.

Ақын мақалдың екінші жартысын да талдайды: «Ырыс алды – тірлік» дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады».

Сонымен, ақын пайымдауындағы тірлік деген не? «Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде өлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік – олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады», яғни білім алу, алған білімін кәдеге жарату. Себебі ақын айтқандай: «Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп, мал табуға жігер қыла алмайсың». Жігерсіз, еріншек адам келе-келе біреуге масыл болады немесе күн көру үшін ұрлық жасайды. Ал ақын өзі болыс болғанда ұрыларды аяусыз жазалаған. Жалқау, іші лас адамның барынан жоғы деген байлам жасайды.

«Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас.



Суретпен жұмыс

Суретке қарап, белгілі бір істі команда арқылы жүзеге асыру керектігін түсіндір.



Сыртың – пысық, ішің – нас,
Артын ойлап ұялмас, –

болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық». Осылайша Абай елдегі қырсыздық, еңбексіздік, надандық, тағы басқа жағымсыз істерді сынап, памфлет жанрын қазақ әдебиетіне әкелді.

1

Білу

1. Қарасөзде қандай мақал сөз болады?
2. Бірлік деген не?
3. Тірлік деген не?

2

Түсіну

1. Неліктен ақын «бірлік» деген ұғымды талдайды?
2. Не себепті автор «тірлік итте де бар» дейді?

3

Қолдану

1. Қарасөзде көтерілген мәселені анықтап, ПОПС формуласын толтыр.
Менің ойымша,
Себебі мен оны былай түсіндіремін
Оны мен мына мысалдармен, фактілермен дәлелдей аламын
Осыған байланысты, мен мынадай шешімге келдім... .
2. Қарасөзді оқып отырып, ақын армандаған қазақ жігітінің әдеби портретін жаса.
3. Топтық жұмыс. «Елші» әдісімен топқа бөлініп, әр топтан бір елші сайлаңдар. «Алтыншы қарасөздің» мазмұнына сүйеніп, әр топ кәсіпті ашу үшін идея қарастырады. Елшілер басқалардың идеяларын анықтау үшін басқа топқа жіберіледі. Елшілер топтарына оралған соң, топтардың идеяларын талқылап, соңынан оларды біріктіреді.

4

Талдау

1. Берілген қарасөздегі ақын ұстанымына өз көзқарасың бойынша талдау жаса.

Абай ұстанымы	Менің көзқарасым

2. Қарасөздегі көркемдегіш құралдардың қолданысын талдап, мәтіндегі көркемдік қызметін анықта.

5

Жинақтау

1. Жұптық жұмыс. «Дұрыс адам болам десеңіз» не істеу керек? «Жолаушының қойын дәптері» әдісімен қарасөзді өмір шындығымен байланысты талдап көріңдер.
 - 1) Қарасөз мәтіні бойынша сұрақтар құрастырындар.
 - 2) Мәтіннен сұраққа жауап беретін үзінділерді жазып алындар.
 - 3) Осы үзінділердің түрлі кәсіпке әсерін топ ішінде талқылаңдар.
 - 4) Өз әсерлеріңді жазындар.
 - 5) Автор орындығында жазған пікірлеріңді оқындар.
2. Хрестоматиядан Зәки Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі» зерттеуі үзіндісін мұқият оқып шық. Абай заманында орын алған әлеуметтік мәселелерді түйіндеп, «Сканерлеп оқу» әдісімен жинақы мәтін жаз.
3. Ырыс, бірлік туралы қандай мақал-мәтелдер білесің? Олардың осы қарасөзде айтылатын мақал-мәтелдерден айырмашылығы бар ма?

6

Бағалау

1. Қай кезде өнер алды бірлік болады?
2. Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығы неде? Ойыңды әдеби эссемен жеткіз.



Білгенге маржан

Абай – қандастарының, бауырларының, жалпы айтқанда, елінің адамгершілік қасиеттері мен ұяты мол болғанын арман еткен адам. Абай осы сөзінде «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» атты қазақ мақалының көлеңкелі жағына қатты шүйіледі.

Бұл сөзде адамдардың рухани бірлікке шақырар ортақ азығы болу қажеттілігі анықталады. Көкірегі тірі, көңілі ояу боп өмір сүруді уағыздайды.

Абай тағы бір сөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Надандық... Еріншектік... Залымдық», – дейді. Ақын білім-ғылымның жоқтығы адамдарды надан етеді, қор етеді дей келіп, оны хайуандыққа теңейді.

«Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны».

Сайын Назарбекұлы



Абайтану әліппесі

Гротеск – кейіпкерлердің тоғысуынан тұратын, жақсы мен жаманды, қайғы мен күлкіні т.б. шендестіруге құрылатын, әжуа, күлкіге ерекше мән берілетін көркемдік бейнелеу тәсілі.

Памфлет – адамшылыққа жат қылықтарды мұқату, халықты оған қарсы қою, жақсылыққа шақыру мақсатын көздейтін публицистика. Памфлетте ирониялы күлкінің, сатираның элементтері басым болады.

Абай қазақтың әділетсіз болыс, билерін келеке етті, елдегі қырсыздық, еңбексіздік, надандық тағы басқа жағымсыз істерді сынап сөйлеп, «Алтыншы», «Он бірінші», «Он төртінші», «Жиырма екінші», «Жиырма тоғызыншы», «Қырық бірінші сөздерінде» публицистиканың сын-сатира эссе, очерк, мақала, памфлет жанрларын әдебиетке әкелді.

Ханғали Сүйіншәлиев



Жазып көр

1. «Алтыншы қарасөздің» гротеск стилімен жазылғанын дәлелдеп, мысалдар келтір.
2. Автор стилінде өз құрбыларың арасында кездесіп қалатын келеңсіздіктерге арнап, памфлет жанрында мәтін жаз.



Хакімнен үйрен

Сенің қандай қылықтарың памфлетке арқау болуы мүмкін? Одан қалай арылғың келеді?



Кітап – білім бұлағы

Ысмағұлов Ж. Абай: Даналық дерістері. – Алматы, 2008.

ОТЫЗЫНШЫ ҚАРАСӨЗ

Меңгерілетін білім:

- көркем шығармадағы автордың суреттеу тілін талдау, өзіндік ерекшеліктерін айқындау;
- шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу.

Тірек сөздер

*Мақтаншақтық
Ант беру
Ар-намыс*

Мақтаншақтықты жеккөретін Абай «Отызыншы қарасөзінде» (1895 ж.) мақтанның тағы бір түрін табады. Себебі «Жиырма бірінші қарасөзінде» ол: «Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы – қиын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық деймін», – деп, «үлкендік» пен «мақтаншақтық» туралы сипаттап жазған еді. Ал мұнда бұған «қырт мақтанды» қосады. Мысалы: «Қырқын мінсе, қыр артылмайтұғын осы бір «қырт мақтан» деген бір мақтан бар, сол неге керек, неге жарайды?», – деп сұрақ қойып, өзі жауап берген.

«Ол ар, есті білмейді, намысты білмейді, кең толғау, үлкен ой жоқ не балуандығы жоқ, не батырлығы жоқ, не адамдығы жоқ, не ақылдылығы, арлығы жоқ. Мойынын бұрып қойып: «Өй, тәңірі-ай, қойшы әрі, кімнен кім артық дейсің, кімнің басы кімнің қанжығасында жүр, ол менің қазаныма ас салып беріп жүр ме, мен онан сауын сауып отырмын ба?» – деп бұлғақтап немесе: «аяғаным жаным ба? Өй, енесін ұрайын, өліп кетпей, неге керек? Азар болса, атылып, я осы үшін айдалып кетсем де, көнгенім-ақ! Әйтеуір бір өлім бар ма?» – деп қалшылдайтұғын кісі көп қой». Осындай мақтан үшін жалған батыр, жалған мәрт болатындарды өшкерлейді.

«Өздерің көріп жүрсіңдер, осы айтқан сөз бойына лайық қазақ көрдіңдер ме? Өлімге шыдайтұғын қазақ көргенім жоқ, өлімге шыдамаймын деген де қазақ көргенім жоқ, кеңірдегін ғана көрсетеді-ау: «қиылып қана қалайын» деп». Осындай ересек басымен жас баладай өтірік ант-су ішкендерге, жеме-жемге келгенде сөзінен тайқып кететіндерге Абай таңқалады.



Суретпен жұмыс

Суретті тақырыппен байланыстырып, кейіпкер бейнесін сипатта.



«Егер осы сөз бойына лайық кісі көрінсе, ақылы жоқ болса да, қайратыменен-ақ кісі айдындыратұғын адам болғаны ғой! Егер шын айғайды көргенде, кірер жерін таба алмайтұғын дарақы, жұртты осы сөзімен айдындырамын, «мына кәшірден кісі шошитұғын екен» дегізіп, айдындырайын деп айтып отырған

Зертте

Қосымша ақпарат көздерінен мақтаншақтықтың адамға зияндығын дәлелдейтін мәлімет іздеп, тақырыппен байланыстырып жаз.

Сөзмаржан

Қырт – мылжың, мән-мағынасыз көп сөйлеу

Жадағайда – әншейінде, жайшылықта

Айдындыру – сескендіру, имендіру, қаймықтыру

құр домбытпасы болып, босқа қоқиып отырса, соны не дейміз? Ай, Құдай-ай! Жанға мырзалық қылатұғын, ердің жадағайда-ақ сертке тұрғыштығы, малға мырзалығы, дүниені бір тиын есеп көрмейтұғын жомарттығы – өртүрлі белгісі бойынша тұрмас па еді? «Ұялмас бетке талмас жақ береді» деп, көп былжыраған арсыз, ұятсыздың бірі-дағы».

Абай дарақылыққа, орынсыз мақтанға бой алдырмау керектігін үйретіп, өзі оған жиіркене қарайды. Ондай адамды «арсыз, ұятсыз» деп есептеп, оған бір сөзбен «қырт мақтан» деген сипаттама береді. «Ұялмас бетке талмас жақ береді» деген – ауыр сөз.

1

Білу

1. Мақтаншақтық деген не?
2. Абай «Қырт мақтан» деп қандай жандарды айтады?
3. Мақтаншақтық туралы Абайдың басқа қай шығармасында кездеседі?

2

Түсіну

1. Ақын неліктен мақтаншақтыққа қарсы?
2. Қарасөздегі «қырт мақтан» деген сөздің мағынасын түсіндір.

3

Қолдану

1. Қарасөздегі дисфемизмдерді тауып, қызметін анықта.
2. «Мақтаншақ» сөзінің синонимдерін жаз. Олармен сөйлем құрап, мағыналарын ауызша түсіндір.

4

Талдау

1. Қарасөздегі автордың суреттеу тілін талдап, өзіндік ерекшеліктерін айқындап, кестені толтыр.

Автордың суреттеу тілі	Ерекшеліктері

2. **Топтық жұмыс.** Үш топқа бөлініп, автордың қазақ елінің дамуына зор үлес қосушы ретіндегі рөлін айқындаңдар.
 - 1-топ: Постер қорғайды.
 - 2-топ: Көрініс қояды.
 - 3-топ: Дебат ұйымдастырады.

5

Жинақтау

1. **Жұптық жұмыс.** «Талқылау картасы» әдісі бойынша жұбымен ақылдасып, кестені толтырыңдар.

Өмірдегі мақтануға болатын жайттар	Бос мақтаншақтық

2. **Топтық жұмыс.** «Он сұрақ» әдісі арқылы алған білімдеріңе сүйене отырып, ойларыңды түйіндеңдер. Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оған негізгі сөз жазылған стикерді береді. Қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады,

оған жауап не «ИӘ», не «ЖОҚ» деп беріледі. Оқушы сол арқылы бүгінгі сабаққа қатысты ұғымды табады.

6

Бағалау

Қосымша ақпарат көздерінен қарасөзге жазылған әдеби сын-пікірлерді оқып, өзіндік сыни пікір жаз.



Білгенге маржан

«Отызыншы қарасөз» орыс, ағылшын, француз, неміс, португал, латыш, қытай, корей, поляк, тәжік, түрік, әзірбайжан, өзбек, моңғол және өзге де әлем тілдеріне аударылды.

«Абай» энциклопедиясы



Абайтану әліппесі

Шешендік толғау – қоғам, заманға байланысты тағылым-тәрбиелік мәні бар шығармалар. Абайдың кейбір қарасөздері мінезсіз адамдардың (кербез, мақтаншақ) бейнесін суреттеуге құрылған. Олар кей тұста өткір мысқылмен де қабысады. Кейбіреулері таза диалогті әңгіме. Енді біразы – автордың терең толғаныстары, монологі, ақыл айтып, кеңес жасау, толғана сөйлеу ретіндегі монолог. Бәрі де сюжетсіз, белгілі бір ойды ғана білдірерлік шебер, шешен туындылар.

Ханғали Сүйіншәлиев



Жазып көр

Абайша толғанып, өз құрбыларың бойындағы мақтаншақтық мінез-құлық туралы жазып көр.

Хакімнен үйрен

Өзің мақтаншақтықпен қалай күресесің?



Кітап – білім бұлағы

Өлімқұлов Т. Жұмбақ жан. – Алматы: Жазушы, 1993.

Міне, сен «Бірінді, қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі бос» деп аталатын үшінші тарауды аяқтадың.
Не білдің? Не үйрендің? Көне, өзінді сынап көр.

ӨЗІңДІ ТЕКСЕР

Қайталау тапсырмалары

1

Білу

1. Үшінші тарауда берілген шығармаларда ақын сынына кімдер іліккен?
2. Абай қарасөздерінде жағымсыз мінез-құлық туралы қандай ой толғайды?

2

Түсіну

1. Абай қарасөздерінің қандай маңызы бар?
2. Ақын қарасөздерінің құндылығы неде?
3. Не себепті ақын қарасөздерінде қазақтың мақал-мәтелдерін сынай талдайды?

3

Қолдану

1. Жұптық жұмыс. Тарау бойынша «ББҮ» кестесін толтырып, адами қасиеттер туралы қорытынды жаса.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

2. Абай қарасөздеріндегі жағымсыз мінез-құлықтарды салыстырып, пост жаз.

4

Талдау

1. Қарасөздердегі көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшелігін талда.
2. «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы Абай қарасөздерінің заманауилығы, жаңашылдығы мен өзектілігі туралы ойыңды қорытындылап айт:
 1. Пікір. Шығарманың жаңашылдығы мен өзектілігі туралы өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

2. Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
3. Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығар.

5

Жинақтау

1. Абайдың қарасөздері бойынша тірек-сызба құрастыр.
2. Қарасөздердің көркем әңгімеден айырмашылығын зерттеп, кестені толтыр.

Қарасөздер	Көркем әңгіме

6

Бағалау

1. Сан ғасырға жүк болатын Абай Құнанбайұлының рухани мұрасы қазір әлемдік деңгейде зерттеліп жатыр. Интернеттен осы бағыттағы мәліметтерді зерделеп, «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» тақырыбында презентация жаса.
2. Топтық жұмыс. РАФТ стратегиясы бойынша тараудағы материалдарды қамтып, сыни шолу жазыңдар.
Рөл – кез келген рөлге ену.
Аудитория – тыңдарман, оқырман, қауым.
Форма – сыни шолу.
Тақырып – мақтаншақтық – адам мінезіндегі жағымсыз қасиет.
3. «Жалқаулық қазақ елін әлі кезіп жүр» тақырыбына қатысты 3–5 минуттық TED әңгімелерін (talks) ұсын.

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері

1. Өлең үзіндісін оқып, тапсырмаларды орында.

Бір көрмеге төп-төтті
 Қазаны мен қалбаңы.
 Дөң айналмай, ант атты,
 Бүксіп, бықсып ар жағы.

Сенен аяр түгі жоқ,
 Бүгін сыйлас көрініп,
 Бүгін жалын, ертең шоқ,
 Сөзі мен өзі бөлініп.

- 1) Үзіндідегі «көрме» сөзінің мағынасы қандай?
 - A) Болымсыз етістік
 - B) Жәрмеңке
 - C) Сұрау есімдігі
 - D) Бір рет көргенге
- 2) Болыстың портретін сипаттап тұрған образды сөздерді анықтап, олармен сөйлем құра.

2. Олең үзіндісін оқып, тапсырмаларды орында.

Бір ғылымнан басқаның,
Бәрі де кесел асқанға.
Өйткен адам жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға.

- 1) «Асқан» сөзінің мағынасы қандай?
 - A) Биіктен асу
 - B) Асып төгілу
 - C) Төкаппар
 - D) Бір нәрсені асу
- 2) Үзінді идеясына сай мақал-мәтелді тап.
 - A) Білімдіден ақыл шығар.
 - B) Адам сөйлескенше.
 - C) Бір кісі мың кісіге олжа салар.
 - D) Кісідегінің кілті аспанда.

3. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орында.

Абайдың қарасөздерінің стиль-ерекшелігі – мазмұн мен идея жаңалықтарына байланысты қалыптасқан реалистік публицистика стилі. Қазақ жазба әдебиетінде Абайға дейін ойшыл, сыншы ғалым жазған ғылыми, философиялық еңбек, сатиралық қарасөз үлгісі қалыптасқан жоқ-ты. Оның алғашқы үлгісі тек Абайдан ғана айқын көрінді. Мәдениетті ғалым-жазушы терең ойлы толғануларына сай бай мазмұнға негізделген, өзіндік беті айқын, жаңа стиль жасады. (*Х. Сүйіншәлиев*)

- 1) Сөйлемдердің қайсысы жоғарыда берілген мәтіннің мәнін ашпайды?
 - A) Ақын қарасөздерінің стилі – реалистік публицистикалық стиль.
 - B) Қазақ жазба әдебиетінде Абайға дейін де сатиралық қарасөз үлгісі қалыптасқан.
 - C) Абай жаңа стиль жасады.
 - D) Қарасөздер – философиялық еңбек.
- 2) Ғалымның пікірін «Төртінші», «Алтыншы», «Отызыншы қарасөздер» бойынша дәлелде.

IV ТАРАУ

ҚИЫННАН ҚИЫСТЫРАП ЕР ДАНАСЫ

Досым, сен осы тарауда:

- Абайдың портрет жасаудағы шеберлігін эстетикалық, танымдық мақсатта игересің.

«ҚАҚТАҒАН АҚ КҮМІСТЕЙ КЕҢ МАҢДАЙЛЫ» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (оқырмандық ұстанымын білдіре) оқу;
- шығарманы композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын жинақтау;
- шығарма поэтикасындағы автордың айшықты қолтаңбасына баға беру.

Тірек сөздер

Ару қыз
Ақ күміс
Сымбатты

Зертте

Абайға дейінгі қазақ әдебиетінде қыз сипаты қалай берілген?

Сөзмаржан

Қақтаған – күміспен әшекейлеу, бұл жерде әдемілікті білдіреді

Тыртақтау – босқа әуре болу

Жыртақтау – орынсыз, ыржақтап күлу

«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» атты лирикалық өлеңде қазақ қызының әсем портреті сырлы сөзбен сомдалады. Өлең 1884 жылы 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған.

«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, Аласы аз қара көзі нұр жайнайды» деп басталатын бірінші шумақтан-ақ сұлу қыздың келісті келбеті көз алдымызға елестейді. Қазақ ұғымында күміс ерекше қасиетке ие. Ақын қыздың жарқыраған кең маңдайын ақ күміске теңеу арқылы оның ерекше жаратылысынан хабар береді. «Аласы аз қара көз» деген қыз көзінің мойылдай мөлдірлігін танытса, «нұр жайнап» деген сол тұнық жанардың оты бар екенін аңғартады. Ауызекі сөйлеу тілінде «көзінің оты бар» деген тіркес жиі ұшырасады, бұл – адамның ерекше қайратын, жігерін танытатын белгі.


Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.

Бойжеткеннің табиғи сұлулығы
«Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,



Суретпен жұмыс

QR-cod-тағы өлеңді тыңдап, суретпен салыстыр. Суретші арудың бейнесін бере алған ба?



ақша жүз, алқызыл бетке» жарасып, ақынның «тілін байлайды».

Осы суреттеуге лайық қыз мінезі де томаға-тұйық емес, ашық-жарқын, «сөйлесе, сөзі әдепті, һәм мағыналы», күлкісі «бұлбұл құстың» сайрағанындай естіледі, сондықтан да «кіршіксіз аппақ тісі іш қайнатады».

Ақын әрі қарай арудың сұлулығын сипаттай келіп:

Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,
Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды.
Етіндей жас баланың білегі бар,
Әжімсіз ақ саусағы іске ыңғайлы, –
деп талдырмаш нәзік қыздың «әжімсіз ақ саусағымен» «іске ыңғайлы», үй шаруасына да ептілігін көрсетіп өтеді.

«Тал шыбықтай бұралған нәзік бел, тақтадай жауырын, тік иық» қыздың әсем бойын, сымбатын білдіреді. Ал «қолаң қара шаштың торғындай толқын ұруы» тобығына түсетін ұзын шашы барын аңғартады. Осындай портретін қаламмен шеберлікпен жазып шыққан әсем қызға кез келген жігіт лайық емес. Тек «жұрт мақтаған жігіт» қана «жақтауға» лайық.

Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған.
Кей жігіт мақтан үшін қылық қылмай,
Бойына майдалықпен сыр сақтаған.
Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай,
Қолы жетпес нәрсеге тырқтаған.

Өлеңнің соңғы жолдарында ақын сұлулыққа, жарасымдылыққа, мәдениеттілікке, ізеттілікке деген талғамын ой елегінен өткізе отырып, асылын ардақтауға тәрбиелейді. Арсыз, ұятсыз, көргенсіз болудан сақтандырып, орынды іс істеп, оқу оқып, дүниені тани білуге үйретеді. Сонда «жұрт мақтаған жігітті қыз жақтаған» болып шығады.

Орынды іске жүріп, ой таппаған,
Не болмаса жұмыс қып, мал бақпаған.
Қасиетті болмайды ондай жігіт
Әншейін құр бекерге бұлғақтаған, –

деп, ақын отбасын құрып, жар болу үлкен жауапкершілік екенін айтып өтеді.

1

Білу

1. Өлеңдегі қыздың бет-жүзі қандай?
2. Ақын пікірінше, әдемі қыздың мінезі қандай болу керек?
3. Аруға қандай жігіт лайық?

2

Түсіну

1. Ақын «күміс» сөзін теңеу ретінде неге пайдаланған?
2. Арудың күлкісі неге бұлбұлдың сайрағанына ұқсайды?
3. Не себепті қыз бала шаруаға епті болуы керек?
4. Автор неге кез келген жігітті ару қызға тең көрмейді?

3

Қолдану

1. Жұптық жұмыс. Өлеңде қазақ аруының бейнесі қалай суреттеледі? Оқырмандық ұстанымын білдіре пайымдап, мөнерлеп оқып, қыз портретін салып көріңдер. Суреттерді мәтінмен салыстырыңдар. Ұқсастықтары бар ма?
2. Қыз бала туралы мақал-мәтел тауып, өлең сөздерімен салыстыр. Мақал-мәтелде қыздың портреті қалай берілген?

4

Талдау

1. Өлеңді композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын жинақта.
2. Топтық жұмыс. «Радиоға қоңырау шалу» әдісі бойынша өлең туралы «Төрт қонақ» рөлдік ойынын пайдаланып, сұхбат жүргізіңдер. Қатысушылар: ақын, жүргізуші, психолог және қазақ аруы.

5

Жинақтау

1. Осы өлең арқылы Абай қазақ қыздарын қандай сипатта көргісі келген? Пікіріңді түйінде.
2. «Құнды ой» стратегиясы бойынша өлеңнің маңыздылығы туралы ойыңды 7 сөйлеммен жеткіз.

1. Қазіргі қазақ қызының сипаты қандай? Абай сомдаған образдан өзгерді ме?
2. Шығарма поэтикасындағы автордың айшықты қолтаңбасына баға бер.



Білгенге маржан

Ақын өлеңінде кәдімгі даланың топырағынан жаралып, соның самалын жұтып өскен ауыл аруының бейнесін жасайды. Соның көзбен көріп, қолмен ұстағандай сұлу мүсінін сомдайды. Мұндағы теңеулерде кездесетін ай хиссаларда жырланатын алыстағы Зүһра сұлу емес, жіңішке қыз қасының нәзіктігін білдіру үшін қолданылатын теңеу ғана. Ал қалған мүсін, мүшелердің барлығы әйелдің сыртқы сымбатына үлгі ретінде суреттелген.

Ж.Ысмағұлов



Абайтану әліппесі

Әдеби портрет – көркем шығармадағы кейіпкердің болмыс-бітімі, ұлттық бейнесі, шынайы мінез-құлқы. *Портретке бірінші тән қасиет – ұлттық ерекшелік, ұлттық бояу.* Абай портрет жасауда ұлттық бояуды шебер қолданған.

Эллипсис (ықшамдау) – тіл нормасы бойынша қажет сөздердің түсіріліп айтылуы арқылы жасалатын тәсіл. Абай біраз шығармасында осы эллипсис тәсілін қолданған.

«Абай» энциклопедиясы



Жазып көр

1. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңінің орысша аудармасын тауып, ұлттық бояудың қаншалықты сақталғандығын зерделе.
2. Шығармадан эллипсис тәсілімен жазылған өлең жолдарын тауып, қызметін түсіндір.



Кітап – білім бұлағы

Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, Ана тілі, 2008.

«Арудың көркі – шашы» дегенмен келісесің бе?

«БІЛЕКТЕЙ АРҚАСЫНДА ӨРГЕН БҰРЫМ» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- шығармадағы өзекті ойды анықтау, сөз образдарының идеяны берудегі қызметін ашу;
- көркем шығармадағы, образ сомдаушы бірліктерді жинақтау;
- шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, шығарма, әдеби эссе, блог, әңгіме жазу



Суретпен жұмыс

«Теріп жазу» әдісімен қыздың бейнесін көрсететін сөздерді теріп жаз. Олардың қалай қолданылып тұрғанын анықтап, сөз образдарының идеяны берудегі қызметін аш.



Ақынның 1889 жылы жазылған «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңіндегі сымбатты сұлу арқылы қазақ аруының жарқын бейнесі елестейді. Бұл өлеңнен Абай лирикасындағы әсемдіктің қазақ ұғымына сай хас шебердің қолынан шыққан ғажап эстетикалық әсерін тануға болады.

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып, жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

Аласы аз қара көзі айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,
Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?

Абай бұл өлеңде ару қыздың мінез-құлқына, жан дүниесіне үңілмейді, тек қана оның сыртқы әдеби портретін салып береді.

Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тәтті қызды
Боламын да, тұрамын көргендей-ақ.

Қолаң шаш, бұраң бел, ақ тамақ, қара қас,
мөлдір көз, маржан тіс аруға кәмшат бөркі мен білектей бұрымындағы сылдыраған шолпысы да талдырмаш бойына

Тірек сөздер

Бұрымды қыз
Бұраң бел

жарасып, жан төбірентеді. «Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?» деу арқылы Абай сұлулыққа тәнті болудың өзі ғажаптыққа толы сырлы әлем екендігін аңғартады. Оқырман өлеңді оқығанда галереядағы әсем портретке қарап тұрғандай әсерде қалады.

Сөзмаржан

Шолпы – күмістен жасалған, шашқа тағатын әшекей бұйым
Некен-саяқ – сирек

1

Білу

1. Өлеңдегі қыздың ажары қандай?
2. Шолпы деген не? Ол қандай қызмет атқарады?
3. Кәмшат бөрік деген не?

2

Түсіну

1. Өлеңде қыздың сыртқы сұлулығы қалай суреттелген?
2. Автор не себепті қыздың көзін айнаға теңейді?
3. Қандай сөздерден қазақ қызына тән ибалықты көруге болады?

3

Қолдану

Жұптық жұмыс. «Рөлдік ойын» әдісімен сұхбаттасыңдар.

Журналист пен ақын арасындағы сұхбат. Журналист ақынның өлеңге қатысты көңіл күйі, шығу тарихы туралы сұрақтар қояды.

Ақын мен суретші арасындағы сұхбат. Ақын суретшіге «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңін көркемдеу керектігін айтады. Суретші өз пікірін білдіреді.

4

Талдау

1. **Топтық жұмыс.** «Ресми дебат» тәсілімен дебат ұйымдастырыңдар.

Дебаттағы рөлдер: қазылар; жақтаушы тарап (топтың үш мүшесі); даттаушы тарап (топтың үш мүшесі).


Қазылар дебатты қорытады. Олар пікірталасты тыңдап, әр спикерге олардың сөйлегеніне (дәлелдеріне) қалай

сөйлегеніне (ұсынылуы) және басқа топтың дәлелдеріне қаншалықты дұрыс жауап бергендеріне (теріске шығару) қарай баға береді.

Жақтаушы тарап: «Қазақтың нағыз сұлу қызы – бұрымды қыз».

Даттаушы тарап: «Қазақтың нағыз сұлу қызының бұрымы болуы міндетті емес, жан сұлулығы да жеткілікті».

- «Білектей арқасында өрген бұрым» және «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңдерін салыстырыңдар. Екі өлеңдегі қайталанатын сөздерді және көркемдегіш құралдарды теріп жазыңдар. Автордың бұларды қолдану себептерін түсіндіріңдер.



5

Жинақтау

- Екі өлеңдегі образ сомдаушы бірліктерді жинақтап, кестені толтыр.

«Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңі	«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңі

- «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңіндегі қыз портреті және шығарманың көркемдік-идеялық құндылығы туралы әдеби эссе жаз.

6

Бағалау

Айқын Нұрқатовтың: «Абай поэзиясы өзінің халықтығымен, қарапайымдылығымен құнды», – деген сөзіне баға бер.



Білгенге маржан

Поэзиядағы сөзбен бейнеленетін адам портретінің қиындығы – алдымен оның жекелеген сипат-белгілер негізінде жасалатыны болса, оның үстіне тұтастай алғанда мелшиген тас мүсінге ұқсап кетуге бейімділігі.

Зәки Ахметов



Абайтану әліппесі

Образ – көркем шығармадағы сөзбен сомдалған кез келген құбылыс. Көбінесе әдеби қаһарман бейнесі.

Психологиялық параллелизм – бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу. Әдебиетте адамның көңіл күйін табиғат құбылыстарымен салыстыра суреттеу тәсілі. Бұл тәсіл Абай шығармаларында көп кездеседі.

«Абай» энциклопедиясы



Жазып көр

«Креативті жазу» әдісімен ақын өлеңдерінің негізінде қазіргі қазақ қыздарының образын табиғатпен салыстыра сипаттап жаз.



Хакімнен үйрен

Ақын сипаттағандай сұлу әрі ибалы болу оңай ма? Өлеңнен қандай тағылым алдың?



Кітап – білім бұлағы

Майтанов Б. Әдеби портрет. – Алматы, 2007.

«Ер қанаты – ат» дегенді қалай түсінесің?

«АТТЫҢ СЫНЫ» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- көркем мәтіннен дәйектер келтіре отырып, образдардың тұлғалық ерекшеліктерін жазу/ тұжырып айту;
- шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдау, мәтіндегі көркемдік қызметін анықтау;
- көркем мәтінді жалпы-дамзаттық құндылық тұрғысынан бағалап, әдеби эссе жазу.

Тірек сөздер

Тұлпар
Сын айту
Жүйрік ат

Сөзмаржан

Сағақ – малдың бауыздайтын жері, шықшыттың астыңғы жағы

Тояттау – құстың жемге тоюы

Сауыр – малдың жаясының үстіңгі жағы

Шідер – аттың сирағының екі аяғы мен артқы бір аяғын қосып салатын тұсау

Шідерлік – аттың тірсегінен жоғары шідер салатын жері

Қазақтың дарқан даласында батырларымыздың мінсе – көлігі, жауға шапса – серігі, ашықса – азығы, шаршаса – жалын төсеген қазанаты, шапқанда шашасына шаң жұқтырмас тұлпарларына ақын Абай келісті сын айтқан.

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Ақын жылқыны кекілінен, құлағынан бастап, «Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ, теке мұрын» деп, басқа жануарларға да ұқсастығын сипаттаған.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жотасы болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Бұл бөйгеге қосуға дайын, әбден жарауы жетілген жылқының сұлу бейнесін көрсетеді. Ақынның тұлпары да артық майы жоқ, ұзақ сапарға, бөйгеге әбден жараған. Алайда бұл – кез келген шаруа атының емес, бөйге атының сипаты.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.

Зертте

Аттың жасына, қасиеттеріне байланысты атауларын қосымша ақпарат көздерінен тауып жаз.

Сөйгүлікке мінген әрбір адам қанат біткендей, арқаланып, айбынданып кетіп, желмен жарысады, еркіндік пайда болады. Ұзаққа шабатын аттың белгілерінің бірі – шідерлігінің жуандау, омырауының кең болуы т.б.

Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді, мініп жүрсек.
Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,
Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек.

Сол себепті ақын «шапса – жүйрік, мінсе – берік, жуан, жуас», аяғын еліріп басқан атының әсем жүрісіне елітіп, разы болады.

Тығылмай әм сүрінбей, жүрсе көсем,
Иек қағып, еліріп басса әсем.
Шапса – жүйрік, мінсе – берік, жуан, жуас,
Разы емен осындай ат мінбесем.

Аяңы тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Ыза қылдың қолыма бір тигізбей.

Әрине бөкен желіспен аяңдайтын мұндай аттың тұлпары кез келгеннің қолына тие бермейді. Абай бұл өлеңінде жүйрік аттың 27 түрлі сынын көрсетеді. Абайтанушы М.Әуезов осы өлеңге: «Мазмұнында ат жайын аса білгірлікпен дәл айтуды мақсат етіп алған шығарма өлеңдік құрылыста, сөздік байлықта, ақындық орамды шешендікте де біртегіс, тұтас келісімді танытады. Өте нақтылы, шыншыл, дәлшіл үлгіні көрсететін, реалистік шеберлікпен толық шыққан көркем шығарма», – деген баға берген.

1

Білу

1. Өлең не туралы?
2. Ақын атты қандай жануарларға теңейді?
3. Ат баптайтын адамды қалай атайды?
4. Автор аттың қанша түрлі сынын көрсеткен?

2

Түсіну

1. Ақын атты неге басқа жануарларға ұқсатып сипаттаған?
2. «Жауырыны етсіз біткен тақтайдай-ақ» теңеуі не үшін берілген?
3. Не себепті барлық аттың сипаты бірдей болмайды?

3

Қолдану

1. Жұптық жұмыс. Интернеттен бөйге атының суретін тауып, оны қарасөзбен сипаттап жазыңдар.
2. Өлеңнен дәйектер келтіре отырып, образдардың тұлғалық ерекшеліктерін жаз. Ермексаздан мүсінін жаса.

4

Талдау

1. Өлеңдегі көркемдегіш құралдардың қолданысын талдап, мәтіндегі көркемдік қызметін анықта.
2. «Аттың сыны» өлеңінің маңызын «DEAL» әдісімен талда.
D – Describe – шығармадағы маңызды жайтты сипаттау.
E – Explain – осы жайт бойынша не білетінін түсіндіру.
A – Analyse – ақпаратты талдау.
L – Links – өзінде бар біліммен байланыстырып, қорытынды жасау.

5

Жинақтау

1. Топтық жұмыс. «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы ақын стилінің ерекшелігіне шығармадан дәлелді үзінді келтіре отырып, сөйлемдерді жалғастырып, тұжырымды ойларыңды айтыңдар.
2. Алпамыс, Қобыланды батырлардың аттары Байшұбар, Тайбурылдың сипаттары мен Абайдың «Аттың сынындағы» жылқының арасында өзара үндестік, ұқсастық, айырмашылық бар ма?

6

Бағалау

1. Нұргелді Уәлидің «Қамыс құлақ дегендегі эпитет – әсемдік, сұлулық емес, жақсы, жүйрік аттың дыбысқа құлақ тіге қалатын елеңшілдігін, бөкен қабақ – «көз шарасы шығыңқы, жан-жағына төңкеріле көз сала, алысқа көз тіге қарайтын сергектігін» аңғартатын болса, ал қоян жақ – «жеңіл етсіз бас» дегенді; ал қой мойын, шығыңқы ауыз омыртқа, үңірейген сағақ – «жүйріктің кең тынысты ерекшелігін» байқатады» деген пікіріне баға бер.

2. Өлеңді жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан бағалап, әдеби эссе жаз.



Білгенге маржан

Менің есебім бойынша, бәйге атының 79 түрлі сыны болады. Ілияс Жансүгіров «Құлагерінде» тұлпар аттың 53 белгісін жазады. Абайда аттың 27 түрлі сыны бар. Ал Би Боранбай Қабанбайдың Қубасын таңдағанда, жүйрік аттың ең негізгі 18 белгісін айтады. Абай: «Тояттаған бүркіттей салқы төсті», – десе, Би Боранбай: «Артынан қарағанда төсі көрініп тұратын болсын», – дейді. Абай: «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ, қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ», – десе, Марабай: «Сарымсақтай құлақты, сары атандай қуатты, от орнындай тұяқты, аш арыстан сияқты», – дейді. Бәрінің көру нүктелері бірдей, бірақ әрқайсысы өзінше әр қырынан айтады. Абайдың «Аттың сынында» «байлап көрсек» деген сөз бар. Мұнда үлкен мағына жатыр. Бәйге аты белдеуде тұрған кезінде түзу сүлкііп тұрмайды, қабырғалап, қырын тұрады...

Қажытай Ілиясұлы



Абайтану әліппесі

Айқындау, яғни **эпитет** – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Эпитетті тыңнан табу, жаңадан жасау суреткер тіліне жаңа рең, жас ажар береді. «Аттың сыны» өлеңінде ақын аттың пішінін кілең эпитетпен бейнелеген:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі



Жазып көр

«Аттың сыны» өлеңіндегі эпитеттерді теріп жазып, олардың қызметін түсіндір.



Кітап – білім бұлағы

Ілиясұлы Қ. Шығармалары. Жылқы туралы мақалалары мен сыр-сұхбаттары. Т. IV. – Алматы: Әдебиет, 2020.

«БҮРКІТ СЫНЫ» ӨЛЕҢІ

Меңгерілетін білім:

- көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (оқырмандық ұстанымын білдіре) оқу;
- көркем шығармадағы автордың суреттеу тілін талдау, өзіндік ерекшеліктерін айқындау;
- көркем мәтінді жалпы-адамзаттық құндылық тұрғысынан бағалап, әдеби эссе жазу.

Тірек сөздер

Қыран
Құсбегі
Түлкі аулау

Сөзмаржан

Мелжемді – күшті, қайратты, қуатты
Қанды балақ – аң ұстағыш қыран
Топшы – құс саусақтарын құрамдап, біріктіріп тұратын буын

Зертте

Бүркіттің жасына байланысты атауларын қосымша әдебиеттерден тауып жаз.

«Бүркіт сыны» өлеңі 1909 жылдан бергі Абай жинақтарында жарияланбаған. 2020 жылы Әдебиет және өнер институты құрастырған үш томдық академиялық жинақта да кездеспейді. Бұл шығарма жекелеген авторлар құрастырған екі томдық жинақта ғана беріліп, таралымы аз болғандықтан, көпшілікке беймәлім.

Абайтанушы Қайым Мұхамедханов 1992 жылы «Абай» (№2) журналына жарияланған «Жаңадан табылған сегіз өлең» деген мақаласында өлеңнің екі нұсқасына тоқталады. Бірі – 1951 жылы Мәди Тастанбекұлынан жазылып алынған 5 шумақ, екіншісі – 1965 жылы Сүлеймен Макеевтен жазылып алынған тоғыз шумақ. Ғалым Сүлеймен Макеевтің Иқанбай деген құсбегіден жазып алған өлеңі мен Мәди нұсқасын салыстыра келе, «он бір шумақ, мазмұны ұйқасы жағынан толық сәйкес. Бір-бірін толықтырады» деген пікір білдірген.

Ақселеу Сейдімбектің «Бүркіт» деген этнографиялық әңгімесінде: «Абай ақынның айтқаны делінетін бұл өлең Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы, Жамбыл атындағы колхоздың тұрғыны Сүлеймен ақсақалдың айтуы бойынша хатқа түсіп отыр. Абай сияқты жақсы-жаманның парқын білетін, тіршіліктің қырсырына зерде бойлатқан ұлы ақын қыран құстың қылық-қасиетіне тегін таңданбаса керек. Қандай таңданыс, қаншама сұлу



Суретпен жұмыс

Суретке мұқият қарап, өлеңдегі бүркіт портретімен салыстыр. QR-cod-тағы мәтінді тыңда.



сөз, сүйсінуге толы сезім десеңізші! Аң қызығы, аңшылық кәсібі өз алдына, соған қоса небір әдемі дәстүр, сұлу саз, сәтті теңеу қалыптасып, неше түрлі мүліктердің, заттық мұралардың дүниеге келгенін көреміз», – делінген.

Қазақ арасында бүркітпен аң аулау – аңшылықтың кең тараған түрі. Аңшылық кәсіпке тән «салбурын» деген сөз бар. Жыл мезгіліне сәйкес аң аулау маусымы кезінде аңшылар топталып, аң-құсы мол жерлерге сапар шегеді. Қазақ аңшылары жүйрік ат, қыран бүркіт,

алғыр тазы, тұзу мылтық, болат қақпан, қыл тұзақ, жібек торын сақадай сай етіп, айлап-апталап аңшылық құруды «салбурын» деп атайды. Салбурынға қатысқандар жасына, атағына, ақылына, байлығына, біліміне қарамай, міндетті түрде бүркіт иесі құсбегіге бағынады. Салбурында аңшылар, бапкер құсбегілер, білгір саңлақ саятшылар, құралайды көзге ататын мергендер, аңқұмар қағушылар, елгезек атшы-қосшылар бас қосады. Олардың ішінде әнші, күйші, жыршылар да болады. Олардың саны шектелмейді.

Абай «Аттың сыны» деген өлеңінде жүйрік аттың 27 түрлі түрлі сынын көрсетсе, ал «Бүркіттің сынында» 42 түрлі сипат-белгісі бар. Ал Илияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы тұлпар аттың белгілерін санап шығу да қызық.

Ал қыран құстың алғырлығын танытатын төмендегі өлең жолдары ақынның портрет жасаудағы шеберлігін көрсетеді:

Жұқалау көк тұмсығы келсе жалпақ,
Мелжемді қожыр табан, бұты талтақ,
Көз ауданы шүңірек, кешкіл маңдай,
Кең иық, саны жуан, төсі шалқақ.

...Шегір көз, қанды балақ қыран бүркіт,
Бозбала, қапы қалма, малыңды іркіп.
Алпыс екі айлалы түлкіні ұстап,
Байласаң қандай қызық, қарға сілкіп.

Кез келген аттың жүйрік бола бермейтіні сияқты, бүркіттің де бүркіті болады. Бұл оны баптайтын құсбегінің шеберлігіне байланысты. Өйткені жоғарылап барып, қайта шүйілген құстың екпіні өте қатты болады да, жерге жақындап қалғанда, өзін тежеу мүмкіндігі де азая түседі. Қыранның екпінін мұқият байқап, көріп тұрған түлкі бүркіт аяғы өзіне тие бергенде ыршып кетеді де, қыран өз екпінімен барып жерге, тасқа, ағашқа соғылады. Егер құс жерге қатты соғылса, мертігеді, тіпті өлуі де мүмкін. Түлкінің айласынан болған осы сәтсіздікті құсбегілер «жер соғу, жер соқтыру» деп атайды. Ал ақын нағыз қыран құстың қырандығын танытатын белгілерді дәл тауып, көнігі құсбегінің көзқарасымен бүркіт портретін шебер тілмен өрнектеп шыққан.

Топшысы келсе жоғарылау,
Шалғысы құйрығына тұрса таяу,
Көкте ұшқыр, тұғырда шаңқылы жоқ,
Бір түлкіден басқаға болмаса жау.

Қолыңнан өзі тілеп ұшса самғап,
Құрғатпай қанжығаңды күнде қандап.
Дүниенің бір қызығы – қыран бүркіт,
Алыстан ат терлетіп тапсаң таңдап.

Шегір көз, қанды балақ қыран бүркіт,
Бозбала, қапы қалма, малыңды іркіп.
Алпыс екі айлалы түлкіні ұстап,
Байласаң қандай қызық, қарға сілкіп.

Міне, өлеңнің эстетикалық сипаты осындай шумақтардан танылады. Ақын қыран бүркіт ұстап, баптаудың өз қызығы мен тамашасы туралы жастарға ақыл-кеңес береді.

Өлеңдегі *жуқалау, жалпақ, мелжемді, қожыр, талтақ, шүңірек, кекшіл, жуан, шалқақ, шегір, шекелі, кең маңдайлы* т.б. дегендердің барлығы сөз мағынасын айқындайтын эпитет орнына жұмсалған. Бір шумағында ғана *шайқасқандай, байқасқандай, айқасқандай* деген есімшеден жасалған теңеу сөз ұшырасады.

1

Білу

1. Хрестоматиядағы өлеңді оқып шық.
2. Өлеңде не туралы айтылады?

3. Қанжыға деген не?
4. Бүркіт бапкері қалай аталады?
5. Бүркіт қандай аңдарды аулайды?

2

Түсіну

1. Абайдың бұл өлеңі неге кең таралмаған?
2. Түлкіні неге алпыс екі айлалы дейді?
3. Бүркіттің аң аулағыш болуы неге байланысты?

3

Қолдану

1. Өлеңді пайымдап, оқырмандық ұстанымыныңды білдіре мөнерлеп оқы.
2. Топтық жұмыс. «Эстафета» әдісімен өлеңді оқындар. Өлең мәтіні үш бөлімге бөлініп, қабырғаға ілінеді. Топтан бір оқушы жазушы рөлін атқарады. Әр топтан бір оқушы қабырғадағы өлең үзіндісін оқып алып, мазмұнын жазушыға келіп айтып береді. Жазушы оның айтқанын тез жазып алады. Екінші оқушы өлеңнің келесі бөлігін жобалап тауып оқып, жазушыға айтып береді. Жазушы оны да жазып қояды. Осындай тәртіппен әр топ өздеріне берілген үзіндіні оқып бітірулері керек. Соңында топтағы жазушылар жазбаларын оқиды. Топ мүшелері оларды өлеңмен салыстырады.

4

Талдау

1. Жұптық жұмыс. «Салыстыру картасы» әдісімен ақынның «Қансонарда бүркітші шығады аңға» және «Бүркіт сыны» өлеңдерін салыстырып, талдаңдар.

«Қансонарда ...» өлеңі	«Бүркіт сыны» өлеңі
Үндестігі	
Табиғат сипаты	
Құстардың сипаты	
Адамдардың көңіл күйі	
Ауа райы	

2. Өлеңдегі автордың суреттеу тілін талдап, өзіндік ерекшеліктерін айқында.

1. Өлеңге сүйеніп, қыран бүркіттің сипатын топтастыр.



2. Өлеңді жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан бағалап, әдеби эссе жаз.

Қазіргі заманда «Бүркіт сыны» өлеңі өзекті ме? Пікіріңді дәлелде.



Білгенге маржан

Бүркітті шошымалды етпей, дұрыс баптап, қолға тез көндітірудің бір шарты – оған қажетті мүліктердің дұрыс жасалуы. Олардың атаулары мынадай:

Тұғыр – бүркіттің құйрығы жерге тимейтіндей етіп жасалған ағаш сәкі. Қазақта бүркіт тұғырын алтынмен аптап, күміспен күптеп, өнер туындысындай етіп әшекейлеу дәстүрі де болған. Тұғырды шеберліктеріне қарай әртүрлі етіп жасай береді.

Томаға – құстың көзін жауып тұру үшін былғарыдан қос сай, үш сай немесе төрт сай етіп тігетін бас киім. Бүркіт аяғымен қағып түсірмес үшін томағаға шырт етпемен бекітілген тамақ бау тағылады. Шытыра қадап, үкілеген томаға құсқа ерекше бір көрік береді. Томағасыз құс мазасыз болады.

Балақ бау – қолға түскен құстың аяғын қатты қыспайтындай етіп киізден сақина тігеді де, оның сыртын былғарымен қаптайды. Сол былғарыға ұзындығы екі сүйемдей ғана қайыс таспа немесе шыжым жіп тағып, ұшына жеңіл шығыршық өткізеді. Балақбау, біріншіден, қолдағы құсты тұқырта ұстап, орнықты отырғызу үшін керек. Екіншіден, тұғырда мазасыз болмау үшін, үшіншіден, желі бауды өткізу үшін қажет.

Желі бау – балақ баудың қос шығыршығынан өткізетін, басында түйін тығырығы бар шыжым жіп. Желі бау құсты шырғаға тартқанда немесе қолға жаңадан түскен бүркітті баулығанда қажет.

Бүркіт қолғап немесе биялай – жұмсақ етіп уқаланған қасқыр терісінен үш саусақ етіп астар салып тіккен қолғап.

Бүркіт құндақ немесе бөлеу – талды бауырлап шауып, дөңгелете иіп отырып екі басын біріктіреді. Сонан соң шеңбердің ішіне жиі етіп күлдіреуіш салады. Бұл кішкентай, ойыншық шаңыраққа ұқсайды. Мұнан әрі пішіп отырып дөңгелек көрпеше тігеді де, шеңбердің екі жеріне бала бесігінің тартпасына ұқсас тартпа тағады. Әдетте күнімен аңға салынған құстың қуаты азайып, кешкі салқынға шыдамай құрыл-дайтын кездері болады. Сондай шақта бүркіттің аяғын бауырына алғызып, бөлеуге байлап жүріп кетсе, дәнеңе де етпейді.

Бүркіт балдақ немесе қолдық – құсбегінің құсы қонып отырған қолы талмас үшін сүйеп отыратын аша ауыз ағаш. Бүркіт балдақтың бір жағына бүлдірге таңылады да, ер-тоқымның алдыңғы қапталынан өткен шеттікпен байластырады.

Сапты аяқ – қысқа ғана сабы бар, жайпақ келген ағаш ыдыс.

Түтік немесе шүмек – құстың ішін шаю үшін, су беру үшін тырна жілігінен немесе ағаштан бір басын жайпақ ауызды етіп жасаған түтік.

Ақселеу Сейдімбеков



Абайтану әліппесі

Абайдың портрет жасау шеберлігі әрқилы. Қыздың сыны, аттың сыны сияқты сыртқы портреттерді берген өлеңдерінде де етістік тұлғалар кемдеу ұшырасады, барлығы көбінесе көмекші етістік болып келеді. Мұндайда етістіктер портреті жасалып отырған объектінің тікелей іс-әрекетін білдіруден гөрі, соның қасиет-қылықтарына қатысты болып келеді. Мысалы, «Бүркіт сыны» өлеңінде көсемшенің -п, -іп жұрнақты тұлғасын қолданған.

Абайдың сөз өрнегі



Жазып көр

Өлеңнен эпитеттерді тауып, олардың жасалу жолдарын талдап жаз.



Кітап – білім бұлағы

Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А. Саят. – Алматы: Қайнар, 1983.

Міне, сен «Қиыннан қиыстырар ер данасы» деп аталатын төртінші тарауды аяқтадың.
Не білдің? Не үйрендің? Көне, өзіңді сынап көр.

ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР

Қайталау тапсырмалары

1

Білу

1. Осы тарауда ақынның қандай шығармаларымен таныстың?
2. Бұл өлеңдердің ерекшелігі неде?
3. Автор сипаттаған қыз образы қандай?
4. Ақын қандай құстың портретін береді?

2

Түсіну

1. Не себепті Абайды портрет шебері дейміз?
2. Ақын жазған аттың сипаты неліктен ерекше саналады?
3. Автор неге бүркіттің портретін жасудың шебері атанған?

3

Қолдану

Жұптық жұмыс. Тарауда берілген өлеңдердегі суреттеу құралдарының қызметтерін анықтап, кестені толтырыңдар.

Суреттеу құралдары	Мысалдар
Теңеу	
Эпитет	

4

Талдау

Топтық жұмыс. Тараудағы ақын шығармаларының өміршендігінің себепін талдап, мысалдармен дәлелдендер. «Ромбтық жіктелім» тәсілімен шығарма тіліне, көркемдік қуатына талдау жасап, ондағы көркемдік қуатын арттырып тұрған сөздерді маңыздылығына қарай топтандар.

1. Ақынның портрет жасаудағы шеберлігін эстетикалық, танымдық мақсатта тану үшін «БКТЗО» кестесін толтыр.

Б	Ақын өмір сүрген қоғам туралы не білемін?	
К	Нені білгім келеді?	
Т	Көбірек ақпаратты қайдан табамын?	
З	Нені зерделеуім керек?	
О	Одан әрі не істеуім керек?	

2. Ақынның портрет жасаудағы шеберлігі туралы «Қиыннан қиыстырар ер данасы» деген тақырыпта дәлелдемелік эссе жаз.

Абайдың қазақ әдебиеті тарихында алатын орны қандай? Неге А.Байтұрсынұлы оны «қазақтың бас ақыны» деп атаған?

Халықаралық зерттеулер форматындағы тапсырма үлгілері

1. Өлеңді мұқият оқып, тапсырмаларды орында.

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.

Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.

- 1) Өлеңде қолданылған көркемдік тәсіл:
А) Жанама мінездеу
В) Кейіптеу
С) Тура мінездеу
D) Портрет

2) Үзінді идеясына сай мақал-мәтелді тап:

- A) Қызы жақсыны қыдыр қориды.
- B) Қыз мінезді, ұл өнерлі болсын.
- C) Ақылды қыз білімге жүгірер.
- D) Қыз өссе – елдің көркі.

2. Өлең үзіндісін оқып, тапсырмаларды орында.

Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тәтті қызды
Боламын да, тұрамын көргендей-ақ.

1) Қызды алмаға ұқсату қандай тәсілге жатады?

- A) Жанама мінездеу
- B) Кейіптеу
- C) Тура мінездеу
- D) Портрет

2) Қызды не себепті алмаға ұқсатқан?

- A) Дене бітімі алмаға ұқсайды
- B) «Бойжеткен қыз» деген мағынада
- C) Түсі ұқсағандықтан
- D) Жеміс болғандықтан

3. Өлең үзіндісін оқып, тапсырмаларды орында.

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жотасы болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

1) Үзіндіде қанша жануардың аты аталады?

- A) 4
- B) 5
- C) 6
- D) 3

2) Үзіндідегі теңеу арқылы жасалған сөздерді тап:

- A) Қамыс құлақ, бөкен қабақ
- B) Шоқпардай кекілі, бүркіттей салқы төсті
- C) Қой мойынды, қоян жақ
- D) Теке мұрын, салпы ерін

ГЛОССАРИЙ

Айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Эпитетті тыңнан табу, жаңадан жасау суреткер тіліне жаңа рең, жас ажар береді.

Әдеби портрет – көркем шығармадағы кейіпкердің болмыс-бітімі, ұлттық бейнесі, шынайы мінез-құлқы. Портретке бірінші тән қасиет – ұлттық ерекшелік, ұлттық бояу. Абай портрет жасауда ұлттық бояуды шебер қолданған.

Гротеск – кейіпкерлердің тоғысуынан тұратын, жақсы мен жаманды, қайғы мен күлкіні т.б. шендестіруге құрылатын, әжуа, күлкіге ерекше мән берілетін көркемдік бейнелеу тәсілі.

Дидактикалық әдебиет – әдеби жанр. Ғылыми, философиялық, моральдық, діни идеяларды және уағыз, ғибрат ойларды білдіретін шығармалар. Онда көркем сурет пен бейнелеуден гөрі байлам, пікір, тұжырым, өсиет, уағыз, насихат басым болады. Дидактикалық көркем сөзде мақал-мәтелдің, ақыл-нақылдардың, ертегі-эпостың әсері күшті. Қазақ әдебиетінде Абайдың қарасөздері мен поэмалары – шығыстық дидактикалық шығармалардың дәстүрлі жалғасы.

Жоқтау (дауыс қылу) – қазақ халқының әдет-ғұрпында адам қайтыс болған күннен бастап, оның жылы өтіп, асы берілгенше оның жақсы қасиеттері, жақсылығы айтылатын жыр. **Ирония** – сөзді тура мағынасында айтылғандай қолдана отырып, оған қарама-қайшы мағына беру, ойды жеңіл өзіл-қалжыңмен, зілсіз кекесінмен керісінше айту.

Метафора немесе **ауыстыру** – сөз мәнін өңдеп, өзгертіп айту. Суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту.

Мінездеу – кейіпкердің мінез бітімі, көркем образдың өзегі, негізгі арқауы. Кейіпкердің рухани әлемін, жан сырын, идеясын, күрес жолын, мақсатын, іс-әрекетін нанымды бейнелеу арқылы ашады. Әдебиетте тура және жанама мінездеу деген түсінік бар.

Памфлет – адамшылыққа жат қылықтарды мұқату, халықты оған қарсы қою, жақсылыққа шақыру мақсатын көздейтін публицистика. Памфлетте ирониялы күлкінің, сатираның элементтері басым болады.

Перифраз – бірнәрсені немесе құбылысты, іс-әрекетті олардың бір белгісін, бір қасиетін көрсетіп, суреттеп атау. Абайда перифраздардың жалпыхалықтық тілде қалыптасқандары да, өзі жасаған авторлық түрлері де бар.

Психологиялық портрет – көркем әдебиеттегі кейіпкерлердің мінез-құлқын, жүрістұрысын, санасезімін, ойөрісін суреттеу.

Сатира – өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі. Абай сатирасының екінші саласына жататын бұл өлеңдерде сатиралық портреттік суреттемелер басым.

Шешендік толғау – қоғам, заманға байланысты тағылым-тәрбиелік мәні бар шығармалар. Абайдың кейбір қарасөздері мінезсіз адамдардың (кербез, мақтаншақ) бейнесін суреттеуге құрылған. Олар кей тұста өткір мысқылмен де қабысады.

Эпитафия – дүниеден кеткен әлдебір қадірлі кісі жайлы жоқтау немесе құлпытастарға жазылған жазу.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Арда, 2009.
2. Абай өлеңдері мен шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2003.
3. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011.
4. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995.
5. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995.
6. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998.
7. Әл-Машани А. Әл-Фараби және Абай. Көптомдық шығармалар жинағы. 2-т. – Алматы: Алатау, 2005.
8. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография / шығармаларының 50 томдық толық жинағы. Т. 35. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014.
9. Әуезов М. Абай жолы. 1–4 т. – Алматы: Жазушы, 2002.
10. Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: Арыс, 2001.
11. Байтұрсынұлы А. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013.
12. Есім Ғ. Абай туралы философиялық трактат. Алматы: Қазақ университеті, 2004.
13. Зайкенова Р. Абайтану. Жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларына арналған. – Нұр-Сұлтан: Арман-ПВ, 2019.
14. Зайкенова Р. Абайтану. Жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушыларына арналған. – Нұр-Сұлтан: Арман-ПВ, 2019.
15. Зайкенова Р. Абайтану. Жалпы білім беретін мектептің 11-сынып оқушыларына арналған. – Нұр-Сұлтан: Арман-ПВ, 2020.
16. Қасқабасов С. Абай поэзиясының ренессанстық сипаты. – Алматы: Информ-А, 2005.
17. Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 1–4 т. – Алматы: Дәуір, 1993–1997.
18. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994.

Электрондық ресурстар:

<https://abaialemi.kz/>

<http://abay-museum.kz/>

<https://adebiportal.kz/kz>

<http://semeymuseum.kz/>

<https://kitap.kz/>

<https://e-history.kz/>

<http://pushkinlibrary.kz/>

<http://old.baq.kz/>

<https://semeylib.kz/>

<https://khabar.kz/>

<https://abai.kz/>

<https://qazaqadebieti.kz>

<https://egemen.kz/>

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
I ТАРАУ. ТҰЛА БОЙЫҢ ҰЯТ-АР ЕДІҢ	5
«Тұла бойың ұят-ар едің» өлеңі	6
«Жиырма жеті жасында» өлеңі.....	10
«Талаптың мініп тұлпарын» өлеңі.....	15
«Кешегі өткен ер Әбіш» өлеңі.....	20
«Орынсызды айтпаған» өлеңі.....	24
Өзіңді тексер	29
II ТАРАУ. ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ, ҚАЙДАСЫҢ?	33
«Жастықтың оты, қайдасың?» өлеңі	34
«Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» өлеңі	38
Он төртінші қарасөз	44
Отыз үшінші қарасөз	49
Отыз тоғызыншы қарасөз	54
Өзіңді тексер!	59
III ТАРАУ. БІРІҢДІ, ҚАЗАҚ, БІРІҢ ДОС, КӨРМЕСЕҢ, ІСТІҢ БӘРІ БОС	63
«Дүтбайға» өлеңі.....	64
«Мен боламын демендер» өлеңі	68
Төртінші қарасөз.....	71
Алтыншы қарасөз	75
Отызыншы қарасөз	80
Өзіңді тексер	84
IV ТАРАУ. ҚИЫННАН ҚИЫСТЫРАР ЕР ДАНАСЫ	87
«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңі.....	88
«Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңі.....	92
«Аттың сыны» өлеңі	96
«Бүркіт сыны» өлеңі	100
Өзіңді тексер	106
Глоссарий	109
Пайдаланылған әдебиеттер	110

Оқулық басылым

**Руда Зайкенова
Рахима Сакенова
Салтанат Орынтайқызы Қосжанова**

АБАЙТАНУ

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған оқулық

Бас редакторы	А.Бекболатова
Редакторы	А.Ізет
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редактор	Т.Давлатова
Бильд редакторы	Ш.Есенқұлова
Суретші-бездірушілері	О.Подопригора, А.Айтжанов
Мұқабаның дизайні	О.Подопригора
Беттеген	Л.Костина

Біздің мекенжайларымыз:

Нұр-Сұлтан қ., 4 м/а, 2-үй, 55-пәтер.

Тел.: +7 (7172) 92-50-50, 92-50-54.

E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: +7 (727) 243-04-39, 973-83-83, 973-63-63.

E-mail: info@arman-pv.kz

Павлодар қ. Исиналиев көшесі, 1 үй, 105 офис

Тел.: +7 (7182) 615996

Сағу бөлімі

Алматы қ., Төле би к-сі, 299 үй, 3 қабат, 312 кабинет

Тел: +7 (727) 2430439

Теруге 17.06.21 берілді. Басуға 15.06.22 қол қойылды. Пішімі 70 x 100 ¹/₁₆.

Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік басылыс.

Шарты баспа табағы 9,03. Таралымы 50000 дана.

«Алматы Принт» ЖШС. Алматы қаласы, Кабдолов көшесі, 1/3.

E-mail: almatyprint@mail.ru

Артикул 808-011-001к-22